

Білім беруді, денсаулық сақтауды
сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің
Еуразиялық Орталығы Аккредиттеу кеңесіне

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
«ТРАНСФУЗИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ» ШЖҚ
РМҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ (ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУ) ЖҮЗЕГЕ
АСЫРАТЫН ҰЙЫМДЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ
СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІКТІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ
БОЙЫНША СЫРТҚЫ САРАПТАМА КОМИССИЯСЫНЫҢ
ЕСЕБІ

17.09 – 18.09. 2019 ж.

Нұр-Сұлтан қ., 2019 ж.

МАЗМҰНЫ

	Белгілеулер мен қысқартулар тізімі	2
1.	ССК құрамы	3
2.	ССК қорытынды есебінің жалпы бөлімі	5
2.1	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (ҚР ДМ) «Трансфузиология Ғылыми-Өндірістік Орталығы» ШЖҚ РМК ұсынысы	5
2.2	Өткен аккредиттеу туралы мәліметтер	7
2.3	ҚР ДМ «Трансфузиология Ғылыми-Өндірістік Орталығы» ШЖҚ РМК өзін өзі бағалау жөніндегі есебін талдау	7
2.4	ҚР ДМ «Трансфузиология Ғылыми-Өндірістік Орталығы» ШЖҚ РМК қосымша білім беру ұйымының (үздіксіз кәсіби даму) институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне жалпы бағасы	8
2.5	ҚР ДМ «Трансфузиология Ғылыми-Өндірістік Орталығы» ШЖҚ РМК қосымша білім беру ұйымының (үздіксіз кәсіби даму) институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне қызметін өзіндік талдау деңгейі мен сапасы	24
3.	ССК сапарының сипаты	24
4.	ССК сыртқы бағалау және сапар жөніндегі қорытындысы	37
5.	ҚР ДМ «Трансфузиология Ғылыми-Өндірістік Орталығы» ШЖҚ РМК сыртқы бағалау қорытындылары бойынша институционалдық аккредитациялау стандарттарына сәйкестігін талдау және әрбір стандарт бойынша күшті жақтарға шолу	38
6.	ҚР ДМ «Трансфузиология Ғылыми-Өндірістік Орталығы» ШЖҚ РМК қызметін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар	50
7.	АЕО Аккредитациялау кеңесіне ұсынымдар	52
8.	1 қосымша. ҚР ДМ «Трансфузиология Ғылыми-Өндірістік Орталығы» ШЖҚ РМК қосымша білім беру ұйымының (үздіксіз кәсіби даму) институционалдық аккредитациялау стандарттарына сәйкестігіне сапа бейіні және сыртқы бағалау критерийлері	53

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ:

ЖММК – Жоғары мамандандырылған медициналық көмек;
ССК – Сыртқы сараптама комиссиясы;
ЛН – лауазымдық нұсқаулық;
ҚБ – қосыша білім беру;
АЕО – Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық Орталығы Аккредиттеу кеңесіне;
БӨҚ КИС – бақылау-өлшеу құралдары;
ҚР ДМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;
ҚР ИМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;
ИСО ХС – ИСО халықаралық стандарты;
МТЖ – материалдық-техникалық жарақтандыру;
МТБ – материалдық-техникалық база;
НҚА – нормативтік-құқықтық актілер;
ҮКД – үздіксіз кәсіби даму;
НТБ – ғылыми-техникалық бағдарлама;
ТҒӨО – Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы;
ҮКДБ – үздіксіз кәсіби даму бөлімі;
ББ – білім беру бағдарламасы;
БББ – Білім беру бағдарламалары бөлімі;
ӨҚ – өрт қауіпсіздігі;
ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;
ҚБ – қайта даярлау бағдарламасы;
ББ – біліктілікті арттыру бағдарламасы;
АМСК -Алғашқы медициналық-санитарлық көмек;
ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары;
ЖБ – жұмыс бағдарламасы;
СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
ҚТ – қауіпсіздік техникасы;
ТОБ – типтік оқу бағдарламасы;
ДБ – денсаулық сақтау басқармасы;
ОӘК – оқу-әдістемелік кешен;
ОКО – оқу-клиникалық орталығы;
ПОӘК – Пәннің оқу-әдістемелік кешені;
ОӘК – оқу-әдістемелік кеңес.

1. Сыртқы Сараптама Комиссиясының құрамы

АЕО 2019 жылғы 29 тамыздағы № 52 бұйрығына сәйкес 2019 жылғы 17-18 қыркүйекте қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым ретінде ҚР ДМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК институционалдық аккредиттеуден өткізу жөніндегі Сыртқы Сараптама Комиссия мына құрамда құрылды:



Сыртқы сараптама комиссиясының төрағасы

ТУРГУНОВ ЕРМЕК МЕЙРАМОВИЧ

медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі

«Қарағанды облысының Хирургиялық қауымдастығы» ҚБ президенті, Халықаралық хирургтар қоғамының (International Surgery Society) мүшесі, «Астана қаласының Тәуелсіз сарапшылар қауымдастығының», «ҚММУ Тәуелсіз сарапшылар Одағының» мүшесі

тел.: +7 7016119655, e-mail: turgunov@kgmu.kz



Шетелдік сарапшы

ТАТЬЯНА ВАСИЛЬЕВНА МОИСЕЕВА

медицина ғылымдарының кандидаты, доцент
РЕАВИЗ Медицина университетінің үздіксіз медициналық білім беру жөніндегі проректоры, Самара қ., Ресей Федерациясы

Ресей Медицина лигасының сарапшысы

тел.: +79277176281 e-mail: fpdoreaviz@mail.ru



Ұлттық академиялық сарапшы

СМАИЛОВА АЛТЫНАЙ НАГЫЗХАНОВНА,

медицина ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университеттің «University Medical Center» Корпоративтік қорының Стратегия және бизнесті дамыту департаментінің бас менеджері

тел.: +77774167171, e-mail: Smailova71@mail.ru



Сарапшы – жұмыс берушілер өкілі
МОЛДАБЕКОВ КУАНЫШ ЖАКСЫЛЫКОВИЧ,
«Ұлттық ғылыми Онкология орталығы» ЖШС
Экспресс Зертхана меңгерушісі,
Нұр-Сұлтан қ.
тел.: + 77784469737
e-mail: moldab.kuanish@mail.ru



Сарапшы – денсаулық сақтау мамандарының
(тыңдаушылар) өкілі
НУРТАЗИНА ГУЛЬНАРА КАРАБУЛАТОВНА,
«ҰҚК поликлиникасымен Орталық Әскери Госпиталі» ММ
дәрігері,
Нұр-Сұлтан қ.
тел.: + 77015132686
e-mail: gulnaranurt@mail.ru



АЕО бақылаушысы
УМАРОВА МАКПАЛ АЛЬДИБЕКОВНА
«Еуразиялық Аккредиттеу және білім беру мен
денсаулық сақтау сапасын
қамсыздандыруорталығы» НУ аккредиттеу және
мониторинг бөлімінің басшысы
тел.: +7 747 5609212,
e-mail: info@esaqa.org

ССК есебі ҚР ДМ «Трансфизиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалауды, денсаулық сақтау саласында қосымша білім беру бағдарламасын іске асыратын ұйымның қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі ССК ұсынымдарын қамтиды.

2. ССК қорытынды есебінің жалпы бөлімі

2.1 ҚР ДМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК ұсынысы

«Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кәсіпорны (бұдан әрі - ТҒӨО) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 ақпандағы № 111 қаулысына сәйкес Астана қаласы қалалық қан орталығы базасында құрылды.

Бұған отандық қан қызметін материалдық-техникалық жаратқандырудың әлсіздігімен ғана емес, сонымен қатар жеке трансфузиологтар мектебінің болмауымен байланысты жүйелі проблемаларының болуы негіз болды.

Бүгінгі таңда ТҒӨО – бекітілген өңір үшін қан компоненттерін дайындауды және өндіруді жүзеге асыратын қан қызметіндегі жетекші ұйым. Сонымен қатар қызмет саласына қан қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру, келісімшарттық фракциялауды дамыту жөніндегі қызметті үйлестіру, өндірістік және клиникалық трансфузиология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ ҚР-дағы барлық қан қызметінің қызметін үйлестіру және бақылау мәселелері кіреді.

Норма шығару қызметі шеңберінде 18 нормативтік құқықтық акт әзірленді және шығарылды, соның ішінде донорлық және қан қызметі, трансплантация жағынан «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіне өзгерістер енгізілді.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін Орталықтың материалдық-техникалық базасы бар. Өндірістік қызметке арналған зертханалары мен үй-жайларымен бірге ауданы 12553,1 ш.м. жеке ғимараты бар. «№1 перинаталдық орталық» ШЖҚ МКҚК, Астана қаласы әкімдігінің «Онкология орталығы» ШЖҚ МКК, Астана қаласы әкімдігінің «№1 қалалық аурухана» ШЖҚ МКК, Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы, «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» АҚ, Астана қаласы ДБ «Оқу-клиникалық орталық» ЖШС, ШЖҚ МКК, «University Medical Center» Корпоративтік қоры, «Астана Медицина Университеті» АҚ клиникалық базаларымен бірлескен қызмет туралы шарттар жасалды.

Жеті медициналық ұйымда (4 РМО - ННЦМД, ННЦОиТ, ННКХЦ, НИИТО және 3 ГМО (№1 ҚА, №2 ҚКА, №2 ПО) «Info Blood» ақпараттық жүйесі жұмыс істейді, ол ТҒӨО-ға реципиенттердің бірыңғай дерекқорын жүргізуге, сондай-ақ қан компоненттерінің ауруханаішілік қорларын жедел бақылауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда алғаш рет қан компоненттерін ұзақ мерзімді сақтау әдістемесі енгізілді. Ұзақ мерзімді сақтау үшін эритроциттерді криоконсервациялау технологиялары игерілді, кіндік қанының 600 үлгісінен тұратын мұрағат құрылды, онкогематологиялық ауруларды емдеу шеңберінде сүйек кемігін трансплантациялау үшін перифериялық қанның дің жасушаларын алу және криоконсервациялау технологиясы енгізілді.

Донорлық қан плазмасынан паренхиматоздық ағзаларға жасалған операциялар кезінде ұсақ тамырларды герметизациялау үшін хирургияда қолданылатын фибрин желімін алу технологиясы игеріліп, тәжірибеге енгізілді. НЛА (гистоүйлесімділіктің негізгі кешені) жүйесі бойынша тромбоциттер

донорларын арнайы іріктеу енгізілді. Сүйек майы донорларының тіркелімін, ағзаларын ауыстырып салуды қажет ететін пациенттер үшін күту парағын құру бойынша жұмыс жүргізілуде.

ТҒӨО базасында 2009 жылдан бастап Қазақстан үшін бірегей тіндік типтеу зертханасы жұмыс істейді. Зертхана Еуропа иммуногенетиктер федерациясы (EFI) инспекторының қызметтің EFI талаптарына сәйкестігін алдын ала бағалауынан өтті.

2012 жылы ТҒӨО базасында республиканың қан қызметінде зертханалық зерттеулердің сапасына сыртқы бағалау жүргізу, сондай-ақ даулы және күрделі диагностикалық жағдайларды шешу үшін республикалық Референс-зертхана құрылды, гемотрансмиссивті инфекциялардың ПТР-диагностикасын толық автоматтандыру жүзеге асырылды.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен Қан орталығы Дүниежүзілік банк пен ҚР Үкіметінің денсаулық сақтауды институционалдық реформалау және технологиялар трансферті жөніндегі бірлескен жобасының «Қан қызметін дамыту» В4 компонентін іске асыру үшін база болып белгіленді.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын жетілдіру бойынша жұмыстар ұдайы жүргізіліп отырады, 2017 жылғы қарашада ТҒӨО қан қызметі стандарттарына сәйкестігі Ұлттық аккредиттеуден өтіп, жоғары санатқа ие болды (ҚР ДМ ҚОҚБ 08.12.2017 ж. №172-ОД Бұйрығы). 2017 жылғы желтоқсанда тіндерді иммунологиялық типтеу бөлімшесі (бұдан әрі - ТИТБ) ҚР СТ ISO 15189-2015 «Медициналық зертханалар. Сапа мен құзыреттілікке қойылатын талаптар» стандарты бойынша Ұлттық аккредиттеуден өтті. 2017 жылғы желтоқсанда сапаны сыртқы бағалауды қамсыздандыру бөлімшесі ИСО 17043 «Біліктілікті тексеру бағдарламаларының провайдері» стандарты бойынша Ұлттық аккредиттеуден өтті.

Қазіргі уақытта ұйымда 417 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 52 дәрігер, 70 орта медициналық қызметкер, сонымен бірге білім беру процесіне 2 медицина ғылымдарының докторы, 5 медицина ғылымдарының кандидаты, 5 аспирант, 8 магистр, 3 резидент жұмылдырылған.

2012 жылы «ТҒӨО» ШЖҚ РМК-да ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламаларының менеджменті бөлімі құрылды. Осы кезеңнен бастап ТҒӨО-да қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту - ТҒӨО мамандары үшін, сондай-ақ трансфузиология және зертханалық диагностика мәселелері бойынша басқа медициналық ұйымдардың мамандары үшін біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдары басталды. 2015 жылы білім беру бағдарламалары бөлімі ұйымдастырылды. Тыңдаушыларды оқыту ТҒӨО зертханаларының ресурстарын пайдалана отырып жүргізіледі. 2012-2018 жылдар кезеңінде 201 біліктілікті арттыру циклінде және 13 қайта даярлау циклінде 1500-ге жуық медицина қызметкері оқытылды, олардың 1000-ға жуығы жоғары және 500-ден астамы орта медициналық білімі бар жандар.

2013 жылдың шілдесінде ТҒӨО «Трансфузиология» мамандығы бойынша резидентурада оқытуға лицензия алды, алғашқы қабылдау 2016 жылы өтті: резидентурада 3 адам оқытылды. Нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер

енгізілуіне байланысты (ҚР ДМ 28.08.2017 ж. №660 бұйрығы) ҚР ДМ 2008 жылғы 30 қаңтардағы №27 бұйрығымен бекітілген Резидентурада даярлаудың клиникалық мамандықтарының тізбесінен «Трансфузиология» мамандығы алынып тасталды, сондықтан бүгінгі күні резидентурада оқыту жүргізілмейді.

«ТҒӨО» ШЖҚ РМК білім беру бағдарламалары бөлімі мына мамандықтар бойынша қосымша білім беру бойынша білім беру қызметтерін жүзеге асырады: Трансфузиология; клиникалық зертханалық диагностика; зертханалық диагностика және мейірбике ісі

Өткен 5 жыл ішінде Республиканың медициналық ұйымдарынан қан қызметінің 959 маманы қайта даярлау және біліктілігін арттыру циклдарында оқытылды.

Кәсіби мүдделерді білдіру, қорғау және іске асыру мақсатында 2015 жылы «Трансфузиологтар қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды, ол 2015 жылғы 17 ақпанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген, облыс орталықтарында 12 филиалы бар. Қоғамның мүшелері республиканың қан орталықтарындағы 200-ден астам трансфузиолог-дәрігер болып табылады.

2.2 Өткен аккредиттеу туралы мәліметтер

ҚР ДМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК денсаулық сақтау мамандарына үздіксіз кәсіптік білім беруді (қосымша білім беруді) жүзеге асыратын ұйым ретінде осы уақытқа дейін аккредиттеуден өтпеген.

2.3 ДМ «Трансфузиология Ғылыми-Өндірістік Орталығы» ШЖҚ РМК өзін-өзі бағалау жөніндегі есебін талдау

ҚР ДМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі - ТҒӨО) қосымша білім беру (үздіксіз кәсіптік даму) ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін институционалдық өзін-өзі бағалау жөніндегі есебі қосымшаларды қоспағанда 84 бетте ұсынылған, стандарттарға жауаптардың толықтығымен, АЕО Өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі басшылықтың ұсынымдарын ескере отырып құрылымдалуымен, сондай-ақ аккредиттелетін ұйым ұсынған ақпараттың ішкі бірлігімен сипатталады. Есепке директор С.А. Абдрахманованың қолы қойылған, есепте қамтылған ақпарат пен деректердің дұрыстығын растайтын ілеспе хат қоса берілген.

Есепте ішкі комиссияның әрбір мүшесінің жауапкершілігін көрсете отырып, өзін-өзі бағалау жөніндегі ішкі комиссия мүшелерінің тізімі (барлығы 17 адам), институционалдық өзін-өзі бағалауды жүргізуге жауапты ұйымның өкілі – адами ресурстарды дамыту басқармасының басшысы А.Б. Тлеубаева туралы мәліметтер бар. Институционалдық аккредиттеуге дайындық жөніндегі жұмыс тобының төрағасы Акмарал Болжановна Тлеубаева болып табылады.

ТӨҒО институционалдық өзін-өзі бағалау ҚР ДМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК «Ұлттық институционалдық

аккредиттеуді өткізу туралы» 04.01.2019 ж. №12 н/қ бұйрығының негізінде жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті дайындау жөніндегі жұмыс тобы белгілі бір жұмыс жасады: қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі қызметтің негізгі бағыттары мен міндеттері талданды, институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес қажетті мәліметтер жиналды; әдістемелік және оқу материалдарын мұқият талдау, жаңарту және толықтыру жүргізілді, олардың мазмұны есепте көрсетілген. Өзін-өзі бағалау туралы есептің мазмұны АЕО институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес құрылымдалған және 9 стандарттың әрқайсысы бойынша жақсартуға арналған күшті жақтардың, салалардың сипаттамасын қамтиды.

Деректер базасы, қосымшалар, қосымшаларды қоса алғанда, 110 бетте толық көлемде, дәйекті түрде ұсынылған және есеп мәтінінде оларға сілтемелер бар. Есеп сауатты тілде жазылған, әрбір стандарт бойынша тұжырымдар анық және түсінікті, кестелерде мәтіндегі сілтемелер бар және олар нөмірленген.

2.4 ҚР ДМ «Трансфузиология Ғылыми-Өндірістік Орталығы» ШЖҚ РМК қосымша білім беру ұйымының (үздіксіз кәсіби даму) институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне жалпы бағасы

1 стандарт: МИССИЯ ЖӘНЕ ТҮПКІЛІКТІ НӘТИЖЕЛЕР

Ұйымның миссиясы: Қазақстан Республикасының халқына қан қызметі қызметтерінің сапасын жақсарту үшін трансфузиялық медицина саласындағы қан донорлығын, медициналық технологияларды, кәсіптік әлеуетті және қолданбалы зерттеулерді дамыту.

Пайымдау: өндірістік және клиникалық практиканы жетілдіру жолымен республикада трансфузиялық медицинаны тұрақты жақсарту.

Қызметкерлер мен мүдделі тараптардың қатысуымен әкімшілік әзірлеген Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығының (бұдан әрі - ТҒӨО) миссиясы мен мақсаттары ұйым қызметінің бағытын жоспарлау және айқындау үшін негіз қалыптастырады. ТҒӨО миссиясы мен мақсаттары 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарда құжатталады, онда қызметті жүзеге асыру үшін ұзақ мерзімді мақсаттар, міндеттер мен стратегиялар баяндалады. Сондай-ақ трансфузиология және зертханалық диагностика мәселелері бойынша қосымша білім беру жөніндегі білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы денсаулық сақтау жүйесіндегі медицина қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби дамудағы қажеттіліктерін қанағаттандыратын **ТҒӨО білім беру бағытының миссиясы** айқындалды.

Білім беру бағытының мақсаттары: (1) қосымша кәсіптік білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру; (2) трансфузиология қызметі кадрларының әлеуетін дамыту; жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру; (3) инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту болып табылады.

Негізгі мүдделі тараптар медициналық ұйымдар мен қан қызметінің мамандары, трансфузиолог мамандардың кәсіби қауымдастығы болып табылады. ТҒӨО білім беру қызметі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат <http://spct.kz/specialist/> сайтында орналастырылған, әртүрлі кеңестерде, ҚР медициналық ұйымдарының әріптестерімен, трансфузиолог мамандарымен және жақын және алыс шетелдерден келген әріптестермен түрлі форумдарда, съездерде, конференцияларда және бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен (пациенттермен, донорлармен, тұрғындармен) кездесулерде үнемі айтылады.

Білім беру бағдарламалары бөлімінің қызметкерлері өз жұмысында «Медициналық және фармацевтикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау қағидаларын, сондай-ақ қосымша медициналық және фармацевтикалық білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2009 жылғы 11 қарашадағы №691 бұйрығының, ҚР ДМ 2017 жылғы 14 сәуірдегі №165 бұйрығымен бекітілген Типтік оқу бағдарламаларының және қосымша білім беру саласындағы басқа да НҚА талаптарын басшылыққа алады.

ТҒӨО өз қызметінде ұйымның даму стратегиясының барлық мақсаттары мен міндеттері уақытында орындалуы үшін жалпы (стратегия, әкімшілік-шаруашылық, имидждік) және ерекше (ғылыми, зерттеу, білім беру) қызмет түрлері арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Оқу жұмыс бағдарламалары ҚРДМ №165 бұйрығымен бекітілген типтік бағдарламалар негізінде, оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушы алатын түпкілікті нәтижелерді ескере отырып жасалады. Бағдарламалар оқытудың қажетті түпкілікті нәтижелерін ескере отырып құрастырылған. Оқытудың түпкілікті нәтижелері ЖОЖ және силлабустарда айқындалды, олар туралы тыңдаушылар ББ және ҚБ циклінің бірінші сабағында алдын ала хабардар етілді. Оқытудың түпкілікті нәтижелері маманның кәсіби деңгейін айқындайды және білім алушының дағдылары мен білімін жетілдіруге ынталандырады, алған білімдері мен дағдыларын практикада қолдануға мүмкіндік береді. Ең көп сұранысқа ие циклдар иммуногематология, инфузиядан кейінгі асқынулардың алдын алу циклдары болып табылады.

ТҒӨО серіктестермен және қызмет тұтынушылармен байланысты қолдайды. Жыл сайын ТҒӨО қызметкерлері өңірлік қан орталықтарынан және Нұр-сұлтан қ. ӘБ есептер қабылдайды, республиканың қан қызметі қызметінің негізгі көрсеткіштерінің мониторингі бойынша жинақ қалыптастырады және ҚР ДМ-ге ұсынылады.

Есеп бойынша 1 стандартының күшті жақтары айқындалған:

1. ТҒӨО дамуының миссиясы мен пайымы, негізгі стратегиялық бағыттары, соның ішінде «Кадрлық және ғылыми әлеуетті жетілдіру» 2 бағыты әзірленді;
2. Білім беру іс-шараларын бюджеттік бағдарламалар және жеке қаражаты арқылы қаржыландыру.

Қорытынды: 1 стандарттың сипаттамасы институционалдық аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, бірақ сонымен бірге жақсартуға арналған салалар айқындалған:

- ТҒӨО миссиясының тұжырымдамасын білім беру процесі саласындағы негізгі мақсатпен толықтыру.
- ТҒӨО Ғылыми кеңесінің құрамына клиникалық пәндер бойынша негізгі оқытушыларды енгізу.
- Қан қызметінің кадрлық ресурстарын дамыту үшін қосымша білім беру бойынша тыңдаушылар санын көбейту қажет;
- Дипломнан кейінгі оқыту бойынша нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

2 стандарт: БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Әдістемелік орталық бола отырып ТҒӨО НҚА мен қызмет стандарттарын әзірлейді, республиканың қан қызметін дамытуды үйлестіреді, ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізеді, сала мамандарының біліктілігін арттырады.

Барлық бағдарламалар мен білім беру іс-шаралары қан қызметі мамандарының кәсіби және жеке дамуын арттыруға бағытталған. Оқу жұмыс бағдарламалары серіктестердің өтініштері негізінде олардың оқу қажеттіліктерін ескере отырып және қажетті құзыреттерді ескере отырып жасалады. Бағдарламалардың мазмұны қан қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарын ескере отырып қалыптастырылады, құзыреттерді дамытуға, мамандық бойынша қолданыстағы білімді кеңейтуге және тереңдетуге ықпал етеді. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде тыңдаушылардың, денсаулық сақтау ұйымдарының тілектері мен өтінімдері ескеріледі, сондай-ақ оқытудың мақсаттары, міндеттері; түпкілікті нәтижелері айқындалады.

Қан қызметінің қызметін техникалық жаңғырту және жетілдіру мақсатында қызмет мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламаларын іске асырудың басталуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1251 қаулысымен және «2008-2010 жылдарға арналған қан қызметін жетілдірудің бағдарламасын» әзірлеумен бекітілген. Бағдарламаны іске асыру кезеңінде Республиканың барлық өңірлерінен 170-тен астам адам Польшада, Чехияда, Израильде трансфузиология және қан қызметін ұйымдастыру бойынша оқудан өтті. Бұдан әрі Дүниежүзілік банк пен ҚР Үкіметінің Денсаулық сақтау секторындағы технологиялар трансферті және институционалдық реформа жөніндегі бірлескен жобасының «Қан қызметін дамыту» В4 компонентін іске асыру шеңберінде 2012 - 2015 жылдары АҚШ пен Еуропаның жетекші қан банктерінде республиканың барлық өңірлерінен 140 маман қан қызметінің өзекті мәселелері бойынша оқытылды, ТҒӨО-ға ИСО17043 «Сапаны сыртқы бағалау провайдері» стандартын енгізуде техникалық көмек көрсетілді.

Өткен жылдар ішінде 014, 005 республикалық бюджеттік бағдарлама бойынша және практикалық денсаулық сақтау өтінімдері бойынша шарттық негізде 1500-ден астам тыңдаушы оқытылды.

Білім беру бағдарламалары бөлімі (ББ) ұйымдастырылған сәттен бастап

Орталық базасында республика қан қызметінің 1500-ден астам трансфузиолог-маманы мен медбикесі оқытылды. ТҒӨО оқу-тақырыптық жоспарлар мен цикл бағдарламаларын үнемі жаңартып, толықтырып отырады. Осылайша, 2015 жылы ББ-да трансфузиология және зертханалық диагностика бойынша 20 ЖОЖ әзірленді және бекітілді, 2017 жылы 2 жаңа ЖОЖ өтінімін ескере отырып, 2018 жылы 12 біліктілікті арттыру ЖОЖ, трансфузиология бойынша қайта даярлау ЖОЖ қайта қаралды және бекітілді. Сабақтар циклде оқитын дәрігерлердің базалық деңгейін ескере отырып жоспарланады, қайта даярлау циклдарында таңдау компонентіне трансфузиологияның барлық өзекті бөлімдері мен тақырыптары енгізілген. Клиницист тыңдаушылар үшін клиникалық трансфузиология мәселелеріне көбірек сағат бөлінеді. Қан қызметі мамандары үшін донорлық мәселелерге, өндірістік трансфузиологияға, иммуногематологияға, нормативтік құжаттарға (ҚР ДМ бұйрықтары) басты назар аударылады, олардың білімі иммуногематологиялық зерттеулерді орындау үшін қажет.

ТҒӨО мамандары сабақтарды өткізу кезінде пациенттердің асқынулары мен қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында кейбір тақырыптарға көп көңіл бөледі: «Имуногематология негіздері», «AB0 антигендік жүйесі», «Резус антигендік жүйесі және басқа да антигендік жүйелер», «Қан топтарын арнайы іріктеу», «Қан топтарының клиникалық маңызы», «Жаңа туған нәрестелердің гемолитикалық ауруы». Зертханалық сабақтарды өткізуге ерекше көңіл бөлінеді. Зертханалық сабақтарды өткізу кезінде қан тобын және резус тиістілігін анықтаудың әртүрлі әдістері қарастырылады, артықшылықтары мен кемшіліктері, әдістердің әртүрлі сезімталдығы, қан үлгілеріне, жабдықтар мен реагенттерге қойылатын талаптар бағаланады. Сабақтарда оқытушылар дәрістер, ТҒӨО зертханаларында практикалық сабақтар түрінде оқытудың әртүрлі әдістерін пайдаланады, ПОҚ жұмыс тәжірибесімен бөліседі, жаңа диагностикалық әдістер мен зерттеулер бойынша оқытады. Сабақта оқу уақытының 70-80%-ы практикалық оқытуға бөлінген, оның ішінде симуляциялық манекендерді қолдана отырып, тыңдаушылармен сабақтар өткізіледі.

Оқу жұмыс бағдарламалары ТҒӨО Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі. Әзірленген ЖОЖ-ға ТҒӨО директорының орынбасарлары, «Астана Медицина Университеті» АҚ ғалымдары, адами ресурстарды дамыту басқармасының басшысы және ТҒӨО өңірлерімен жұмыс және сапаны бақылау басқармасының басшысы сын пікір береді.

2016 жылғы 7 қарашадағы ТҒӨО іскерлік этика ережелері бар

Орталықта және одан тыс жерлерде Орталықтың қатысуымен өткізілетін барлық іс-шараларды жариялау оның ресми www.spct.kz сайтында, әлеуметтік желілерде ТҒӨО Астана доноры парақшасында жүзеге асырылады.

Трансфузиология курсының профессор-оқытушылар құрамы шетелдегі – АҚШ, Германия, Франция, Португалия, Нидерланды, Австрия, Швейцария, Чехия, Польша, Сингапур, сондай-ақ ТМД елдеріндегі жетекші қан орталықтарының базасында оқытудан өткен тәжірибелі және жоғары білікті мамандармен ұсынылған.

ТҒӨО-да әзірленген үздіксіз кәсіби даму бағдарламаларының мазмұны

ұйымның ғылыми жобаларды, ғылыми әдіснама қағидаттарын, дәлелді медицинаны және ТҒӨО қызметкерлері мен әріптестерінің клиникалық тәжірибесін орындауы нәтижесінде алынған деректерге негізделеді. 2017 жылғы желтоқсанда ТҒӨО ҚР Білім және ғылым министрлігінен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу туралы куәлік алды.

Қан орталығы оқу процесінде пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін технологиялық жабдықтар мен бағдарламалық құралдарды пайдаланады.

ТҒӨО қызметкерлері үшін қызметкерлердің білімі мен дағдыларын жетілдіру үшін үздіксіз біліктілікті арттыру бойынша оқыту іс-шаралары іске асырылады. Соңғы бес жылда ТҒӨО қаражаты есебінен қызметкерлер арасынан барлығы 2014 ж. - 49, 2015 ж. – 41, 2016 ж. - 36, 2017 ж. – 50, 2018 ж. - 40 адам оқытылды.

Есеп бойынша 2 стандарттың күшті жақтары айқындалды:

1. Қан қызметі мамандары үшін және сабақтас мамандықтар үшін білім беру бағдарламаларын іске асыруда пайдалану мүмкіндіктері;
2. Инновациялық технологияларды енгізу;
3. Жоғары сараптамалық сыныптағы материалдық-техникалық диагностикалық жабдықтың болуы;
4. ТҒӨО-да біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандардың болуы.

Қорытынды: 2 стандарт сипаттамасы институционалдық аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, бірақ сонымен бірге **жақсартуға арналған салалар** айқындалған:

- ПОҚ оқыту және білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдіснамасын үйрету;
- Жұмыс бағдарламалары мен силлабустарда Тыңдаушылардың өзіндік жұмысын бағалау нысандарын, критерийлерін неғұрлым нақты белгілеу, СӨЖ нысандары ретінде біліктілікті арттыру циклі шеңберінде ғылыми жобаны орындауға қатысуды көздеу. Оқытудың белсенді әдістерін (Team-based learning, Clinical based learning) кеңірек қолдану.
- Медициналық жоғары оқу орындарымен, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми орталықтармен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігін қарау.
- Медициналық ЖОО-мен ТҒӨО тыңдаушылары мен оқытушыларына халықаралық медициналық деректер базасына қолжетімділік беру туралы Шарт жасасу.
- ТҒӨО-да оқытушылар мен тыңдаушыларды ғылыми жұмысқа тарта отырып, ғылыми процестің дамуын ынталандыру. Жас оқытушылар мен тыңдаушыларды ТҒӨО-да іске асырылатын ғылыми жобаларға және ҚР университеттерінде және шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында магистратура мен докторантурада оқуға тарту. Жетістіктерді насихаттау
- ТҒӨО ғылыми қызметін және білім беру процесінің жетістіктері мен нәтижелерін дәріптеу мақсатында әлеуметтік желілерде ТҒӨО танытуды кеңейту.

3 стандарт: ҚҰЗЫРЕТТЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҮҚД ҚҰЖАТТАМАСЫ

ҮҚД бағалау саясаты ҚР БҒМ және ДМ білім беру қызметі бойынша нормативтік актілердің талаптарына негізделеді. Білім беру бағдарламаларын қалыптастырудағы негізгі қағидат түпкі мақсатқа жету қажеттілігі болып табылады. ББ игеру нәтижесінде тыңдаушылар мамандықтың білім беру бағдарламаларында сипатталған белгілі бір нәтижелерге және белгілі бір құзыреттерге қол жеткізеді.

Білім алушыларды қайта даярлау циклдарындағы оқу жетістіктері (білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттілігі) 5 балдық шкала бойынша цифрлық баламасы бар балдармен бағаланады және жұмыс бағдарламасында көрсетіледі.

Бағалау жүйесі әзірленіп жатқан оқу жұмыс бағдарламаларында жеке бөліммен ұсынылған және ситуациялық міндеттерді орындау түрінде біліктілікті арттыру циклынан өту барысында білімнің базистік, ағымдағы бақылауымен, клиникалық хаттамаларды, клиникалық басшылықтарды талдаумен және тестілеу немесе ауызша емтихан түріндегі қорытынды бақылаумен айқындалады. Қайта даярлау циклдарында қорытынды бақылау 2 кезеңде өтеді: тестілеу және практикалық дағдыларды бағалау.

ТҒӨО тыңдаушылардың құзыреттерін бағалауда тиісті тәсілдерді анықтады. Бұл қолайлы жерде – тестілеу, ауызша сауалнама, жазбаша тапсырмалар, процедуралар, практикалық тапсырмалар және т.б. бағалау әдісінің қолайлылығы мен сәйкестігі тыңдаушылар мен оқытушылардан кері байланыс жинау арқылы бағаланады.

ТҒӨО-да өткізілген білім беру іс-шаралары туралы оқытудың тиімділігі туралы кері байланыс алу мақсатында тыңдаушыларға арналған сауалнамалар әзірленді. Тыңдаушылардың пікірін ББ бөлімі қарайды және талдайды. Сауалнамаларды талдау негізінде оқу процесін жақсарту бойынша әдістемелік жұмыс жүргізіледі, күшті және әлсіз жақтары анықталады.

Тыңдаушылардың цикл сабақтарына қатысуы және білімді бағалауы циклдің оқу журналдарында оқытушының қолымен белгіленеді, сондай-ақ ББ мамандарының сабаққа қатысуын бақылау жүргізіледі. 2019 жылдан бастап тыңдаушылардың тілектерін ескере отырып ҚБТ қолдану арқылы оқыту басталды.

Есеп бойынша 3 стандарттың күшті жақтары айқындалды:

1. ҮҚД саласындағы талаптарға сәйкес келетін құжат айналымының тиімді жүйесі әзірленді;
2. Тыңдаушыларды бағалау жүйесі әзірленді (сауалнама және т. б.).

Қорытынды: 3 стандартының сипаты институционалдық аккредитация критерийлеріне сәйкес келеді, бірақ сонымен бірге **жақсартуға арналған салалар** айқындалған:

- Сауалнамаларды қайта қарау және жаңарту;
- ТҒӨО циклдары тыңдаушыларының бірыңғай базасын құру.
- Тыңдаушылардың жұмысын бағалау саясатын әзірлеу кезінде «Антиплагиат» жүйесін қосу
- Қорытынды бағалау кезеңі ретінде ОҚКЕ пайдалану мүмкіндігін қарастыру

рәсімін көздеу.

4 стандарт. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МАМАНДАРЫ (ЖЕКЕ КӘСІБИ ДАМУ)

Денсаулық сақтау мамандарының (трансфузиологтардың, зертханашы дәрігерлердің, зертханашылардың, трансфузиология бөлімшелері мейіргерлерінің, трансфузиологиялық көмек көрсететін клиникалық мамандардың) Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығының (ТҒӨО) базасында қосымша білім беру бағдарламаларын өтуге уәждемесі қан және оның компоненттерін қанды дайындауға, өңдеуге, дайындалған қанды апробациялауға арналған жабдықпен арнайы жабдықталған медициналық мақсаттар үшін өндіру бойынша заманауи өндірістік базада озық тәжірибелерге үйрену мүмкіндігін беру, сондай-ақ қан компоненттерін емдік мақсатта қолдану бойынша қолданбалы дағдыларды игеру, трансфузияларды сүйемелдеу кезінде иммуносерологиялық зертханалық зерттеулер жүргізу үшін клиникалық базалардың жеткілікті мөлшерде болуы болып табылады.

ТҒӨО-да қан мен оның компоненттерінің доноры болуға ниет білдірген азаматтарды қабылдау мен медициналық тексерудің; қан мен оның компоненттерін дайындаудың, қан компоненттерін өндірудің, трансфузиялық инфекцияларға донорлардың қан үлгілерін зертханалық зерттеудің, иммуносерологиялық зерттеулердің; экстракорпоральды гемокоррекцияның практикалық дағдыларын алуға мүмкіндік беріледі. Бұдан басқа, тыңдаушылар қан қызметі ұйымдары қызметінің ерекшеліктерімен, инспекциялау технологияларымен, оның ішінде трансфузиялық көмекке мониторинг жүргізумен, сондай-ақ клиникалық трансфузиология мәселелері бойынша әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетумен танысады.

Жаңа технологиялар құжат айналымы жүйесінде де іске асырылды. Өнімнің өндірістік циклі автоматтандырылған ақпараттық бағдарламамен қамтамасыз етіледі. Жалпы құжат айналымы «Документолог» автоматтандырылған бағдарламасын қолдана отырып жүзеге асырылады. Тыңдаушылармен жасалған шартта әрбір денсаулық сақтау саласы маманының цикл бағдарламасына және ішкі тәртіп ережелеріне қатысу және орындау жауапкершілігі көрсетілген. Қосымша білім беру бағдарламаларына түсу үшін белгіленген критерийлер бар. Осы мақсатта медициналық ұйымдармен немесе жеке тұлғамен тыңдаушының (ұйымның) құқықтары мен міндеттері сипатталатын шарттар жасалады.

Қосымша білім беру бағдарламаларына тыңдаушыларды тарту және қабылдау процесі білім беру бағдарламалары бөлімінің бір жылға дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру циклдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары бекітілген медициналық ұйымдар мен қан орталықтарына хаттар жіберуінен тұрады. Оқыту 005 бюджеттік бағдарлама есебінен, медициналық ұйымдармен шарттар, жеке шарттар бойынша жүргізіледі, сондай-ақ ТҒӨО қызметкерлері үшін тегін оқыту жүргізіледі.

Білім беру бағдарламалары бөлімі тыңдаушыларға біліктілікті арттыру бағытын анықтауда және цикл ұзақтығын таңдауда консультациялық көмек көрсетеді. Мұны көзбе-көз де, электронды хат алмасу кезінде де жүзеге асыруға болады, өйткені барлық байланыстар ұйымның веб-сайтында, соның ішінде тыңдаушыға арналған жадынамада орналастырылған (<http://spct.kz/specialist/>, transfuziologiya.npct@mail.ru).

Қызметтің әлеуетті тұтынушыларын ақпараттандыру мақсатында медициналық ұйымдарға ТҒӨО сайтында орналастырылған 34 бағдарламаны қамтитын дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру циклдерінің бекітілген күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары тұрақты түрде жіберіледі (<http://spct.kz/wp-content/uploads/>).

Біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының қанағаттануы орта есеппен 99% құрайды. Сауалнамамен мына медициналық ұйымдар қамтылды: Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ ҚМК, Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ ҚМК, Алматы қ. ДБ «Қалалық қан орталығы» ШЖҚ МҚК, Батыс Қазақстан облысының Облыстық қан орталығы және т. б. Мысалы, 2014-2018 жылдар аралығында ТҒӨО-да Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының «ОЦК» ҚМК 15 қызметкері оқытылды. БҚО әкімдігі ДБ Облыстық қан орталығы ТҒӨО-да оқығаннан кейін мамандар әріптестерінің алдында баяндамалар жасап, оқу нәтижелерін көпшілікке ұсынатынын хабарлады. Тілек ретінде мынадай тақырыптық семинарларды қосу ұсынылды: трансфузиология бойынша клиникалық аудит мәселелері (ҚБ-ға қан компоненттерін құю ережесі), трансфузиялық кеңес пен ҚБ-дағы трансфузиолог кабинетінің жұмысы туралы (медициналық құжаттаманы жүргізу мәселелері).

Білім беру бағдарламаларының мазмұны қазіргі ғылыми жетістіктер негізінде қалыптасады және дәлелді медицина қағидаттарына негізделген. Тыңдаушылардың қажеттіліктері негізінде және ұлттық және халықаралық стандарттарды ескере отырып, өзекті білім беру бағдарламалары әзірленуде. Тыңдаушыларға барлығы 4 мамандық бойынша 34 білім беру бағдарламасы (трансфузиология, клиникалық зертханалық диагностика, зертханалық диагностика, мейірбике ісі), оның ішінде көлемі 864 сағат (16 апта) болатын 1 «Трансфузиология» қайта даярлау бағдарламасы ұсынылады. Қалған 33 біліктілікті арттыру бағдарламасы 54-тен 216 сағатқа дейін.

Сайтта оқыту бағдарламалары бағасының преискуранты бар (<http://spct.kz/wp-content/uploads/>), мысалы, қайта даярлау бағдарламасының құны 319050 тг, біліктілікті арттыру циклдары ұзақтығы 216 сағат – 79760 тг, 108 сағат – 39880 тг, 54 сағат – алдыңғы білім деңгейіне байланысты 14680 тг-ден 23260 тг-ға дейінгі шаманы құрайды.

Симуляциялық оқыту технологиялары қолданылады. Кабинетте жүрек-өкпе реанимациясы дағдыларын пысықтауға арналған манекен-тренажер бар. Оқытушылар практикалық дағдыларды пысықтау бойынша оқытудан өтті.

Бағдарламалардың тақырыбын әзірлеу кезінде ҚР ДМ жаңартылған клиникалық хаттамалары ескеріледі (https://diseases.medelement.com/search_searched_data).

ТҒӨО-да электрондық, ақпараттық, телекоммуникациялық жүйелерді пайдалана отырып, қашықтан оқыту технологиялары қолданылады. Ол үшін тыңдаушы қажетті циклды таңдап, өтінім мен сканерленген құжаттарды transfuziologiya.npct@mail.ru. электрондық мекенжайына жіберуі қажет.

ҮҚД бағдарламаларында бөлінген уақытқа сәйкес тыңдаушылар өз бетінше жұмыс жасайды, «Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана» АҚ Астана филиалында, «Астана Медицина Университеті» АҚ кітапханасында, ТҒӨО кітапханасында оқиды, зертханаларда тәжірибелік дағдыларды пысықтайды

Есеп бойынша 4 стандарттың күшті жақтары айқындалды:

1. ҚТ қарсы нұсқаулық жүргізу және ішкі тәртіптің барлық ережелерін сақтау, инфекциялық бақылау, пациенттердің қауіпсіздігі және т. б.;
2. Білім беру бағдарламаларын қалыптастыру кезінде тыңдаушылардың пікірін ескеру;

Қорытынды: 4 стандарттың сипаттамасы институционалдық аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, сонымен бірге жақсарту бойынша ұсыныстар бар:

- Ғылыми кеңестің құрамына білім беру қызметіне байланысты мәселелерді талқылау үшін білім алушылар тарапынан өкіл енгізу.
- Тыңдаушыларды ынталандыру және марапаттау жүйесін енгізу.

5 стандарт: ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ (ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУ) ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ТҒӨО Қазақстан Республикасының медициналық білім беру саласындағы талаптарға сәйкес ҮҚД жүйесін жүргізеді. Мазмұны, оқыту және бағалау әдістері жағынан оқыту бағдарламаларын әзірлеу міндетті компоненттер мен таңдау компоненті бөлігінде МЖМБС (бұрын 2017 жылға дейін) және МЖМБС (2017 жылдан бастап) сәйкес жүргізіледі. Барлық бағдарламалар ТҒӨО Ғылыми кеңесінде келісуден және бекітуден өтеді. ТҒӨО ұтымды ұйымдастырушылық құрылымға ие (<http://spct.kz/about/structure>). Веб-сайтта «Білім беру» бөлімі орналасқан.

Қосымша білім беру бағдарламаларының әкімшілігі мен оқытушылары үздіксіз кәсіби даму ұйымдастырушылары болып табылады. Бұған мынадай критерийлер ықпал етеді: (1) ТҒӨО құрылымында білім беру іс-шараларын ұйымдастыруды, бақылауды және мониторингті қамтамасыз ететін мамандар жұмыс істейтін ББ бөлімінің болуы; (2) жоғары кәсіби профессор-оқытушылар құрамының болуы, олардың көпшілігі денсаулық сақтау жүйесінде практикалық жұмыста, ғылыми және педагогикалық қызметте мол тәжірибеге ие. Барлығы 2 м.ғ. д., 5 м.ғ. к., магистрлер (МВА) – 8 адам, жоғары санатты 20 доктор, олардың көпшілігі денсаулық сақтау жүйесіндегі тәжірибелік жұмыста, ғылыми және педагогикалық қызметте үлкен тәжірибеге ие, ТҒӨО-да орындалатын ғылыми жобалар шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысына тартылды.

ҮКД бағдарламаларын іске асыру кезінде ұйымдастырушылар мен кураторлар сабақтарды өткізуге қойылатын талаптарды сақтайды: материалды берудің қолжетімділігі, көрнекілігі (тақтаны, аудио және бейнетехниканы пайдалану, муляждарды пайдалану), материалдарды электрондық және қағаз тасығыштарда тарату, білім мен дағдыларды барабар бағалау, этикалық-құқықтық нормаларды сақтау.

ТҒӨО елдің медициналық жоғары оқу орындарымен, негізінен «АМУ» АҚ, ҚДЖМ, ҚазМУБУ және т. б. жекелеген шарттар негізінде белсенді ынтымақтасады.

Есеп бойынша 5 стандарттың күшті жақтары айқындалды:

1. Жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамының болуы;
2. Шұғыл жәрдем көрсету мәселелері бойынша жеке мамандарын даярлау.

Қорытынды: 5 стандарттың сипаттамасы институционалдық аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, сонымен бірге **жақсартуға арналған салалар** айқындалған:

- Қосымша кәсіптік білім беруді ұйымдастыру туралы ережені білім беру бағдарламаларын қарау және бекіту тәртібімен толықтыру, қабылдау қағидаларын, шарттар жасасу тәртібін, оқытушылардың еңбегіне ақы төлеу тәртібін жекелеген тарауларға шығару, білім беру процесінде пайдаланылатын құжаттар үлгілерінің тізбесін Ережеге қосымшалар түрінде толықтыру.
- Тыңдаушыларды есепке алу және тіркеу журналын «нөмірі» және «берілген құжаттың атауы» деген бағандармен толықтыру.

6 стандарт: БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

Тәжірибелік дағдыларды үйрену үшін тыңдаушылар ТҒӨО жоғары технологиялық жабдықтарына қол жеткізе алады. Клиникалық және тәжірибелік дағдыларды оқытуға арналған жабдыққа қол жеткізу қауіпсіз, өйткені ТҒӨО-да аспаптар мен жабдықтарды профилактикалық тексеру бағдарламасы жабдықты тұрақты тестілеу, тексеру және техникалық қызмет көрсету кестесін; жабдықты пайдалану жөніндегі өндірушінің нұсқаулықтары, қауіпсіздік стандарттары негізінде нұсқаулықтарды; талаптарға сәйкес калибрлеуді орындауды және стандарттау мен метрология ұйымдарында өлшеу құралдарын тексеруді көздейді. ТҒӨО-да бағдарлама тыңдаушыларына қауіпсіз оқыту мен қауіпсіз ортаны қамтамасыз ететін жауапты персонал бар.

ТҒӨО қызметкерлері Web of Science электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізе алады. Бұл тақырыптық жинақтар, электронды кітаптар, журналдар, дәлелді медицинаға негізделген ақпараттық ресурстар. MEDLINE Complete – әлемдегі жарияланған медициналық ақпараттың ең үлкен деректер базасы. MEDLINE PubMed-тің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және 2300-ден астам медициналық журнал үшін толық мәтін береді.

Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы «АМУ» АҚ-мен шартқа қол қойды, оған сәйкес тыңдаушылар «Астана Медицина Университеті» АҚ-ның кітапхана қорын пайдалануға мүмкіндік алады (жалпы кітап қоры 458 686 дананы

құрайды). Веб-сайтта «Кітапхана» бөліміне сілтеме бар (<http://spct.kz/distantcionnoe-obuchenie/>), ол даму және кеңейту сатысында тұр.

ТҒӨО 7 клиникалық базамен шарт жасасқан: Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы, «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» АҚ, Астана қ. ДБ «Оқу-клиникалық орталығы» ЖШС, Астана қ. әкімдігінің «Онкология орталығы» ШЖҚ МҚК, «№1 перинаталдық орталық» ШЖҚ МҚК, Астана қаласы әкімдігінің «№ 1 қалалық ауруханасы» ШЖҚ МҚК, «University Medical Center» Корпоративтік қоры, «Астана Медицина Университеті» АҚ. Арнайы техникалық күзет құралдарымен, өрт дабылы құралдарымен жабдықталған барлығы 8 оқу кабинеті бар.

ТҒӨО-ның жеке www.spct.kz веб-сайты бар, ол көрсетілетін қызметтер, ресурстар, ТҒӨО жаңалықтары туралы хабарлайды. ТҒӨО құрылымында қоғаммен байланыс жөніндегі бөлім бар, ол тек ресми сайт арқылы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы ТҒӨО-ның барлық жаңалықтары, оның ішінде өткізілетін білім беру іс-шаралары туралы ақпараттандыруды қамтамасыз етеді. ТҒӨО-да донорлар бойынша барлық деректерді қамтитын «Infodonor» МАЖ енгізілген. Интернетке кіру мүмкіндігі бар. ТҒӨО Facebook әлеуметтік желілерінде де тіркелген (<https://web.facebook.com/pg/astanadonor/posts/>), Instagram <https://www.instagram.com/astanadonor/>).

Симуляциялық оқытуды, қашықтан оқытуды IT-бөлімнің, медициналық жабдықтар бөлімінің техникалық қызметкерлерімен бірлесіп сабақтардың сапасын қамтамасыз ете отырып, оқытылған оқытушылар жүргізеді.

Куратор сабақтарға өзара қатысуды жүзеге асырады, сондай-ақ педагогикалық тәжірибе алмасу, оқу процесінің құрылымын ұйымдастыру бойынша бірлесіп оқыту жүргізеді.

ТҒӨО қызметкерлері халықаралық, республикалық іс-шараларды ұйымдастырады және өткізуге қатысады және тыңдаушыларды қатысуға тартады:

ТҒӨО-да жыл сайын қызметкерлер үшін бекітілген жоспар бойынша конференциялар мен тақырыптық сабақтар өткізіледі, осылайша 2017 жылы 54 дәрігерлік конференция, орта медициналық персонал үшін 54 семинар өткізілді.

Орталық ғылыми қызмет бойынша келісімдер мен меморандумдар жасады. Отандық әріптестер: «Ұлттық Медицина Университеті» АҚ, Алматы (2016 жылғы 26 желтоқсандағы №162/12 16 Бірлескен қызмет туралы шарт); «Ұлттық биотехнология орталығы» РМК, Нұр-сұлтан Қ. (2019 жылғы 12 наурыздағы Ынтымақтастық туралы меморандум); «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ, Нұр-сұлтан қ. (2019 жылғы 25 наурыздағы №56-19 Ғылыми зерттеуді бірлесіп орындау туралы шарт).

Шетелдік әріптестер/консультанттар: Қан және тіндер банкі, Барселона, Испания (2017 жылғы 6 қарашадағы ынтымақтастық туралы шарт); Гематология және трансфузиология институты, Прага, Чехия Республикасы (2017 жылғы 21 тамыздағы Ынтымақтастық туралы меморандум); Трансфузиология және медициналық биотехнологиялардың республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы, Минск, Беларусь Республикасы (2018 жылғы 25 маусымдағы

Ынтымақтастық туралы меморандум); Академик И.П. Павлов атындағы Бірінші Санкт-Петербург мемлекеттік медицина университеті, Санкт-Петербург, Ресей (2018 жылғы 25 желтоқсандағы Ынтымақтастық туралы меморандум)

ТҒӨО мамандардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды өз базасында, сондай-ақ еліміздің басқа да медициналық ұйымдарының, қан орталықтарының базаларында жүргізеді. Дәрігерлерге арналған осындай білім беру орталықтары – еліміздегі медициналық университеттер, «Астана» ОҚО, Алматы қ. Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі (бұдан әрі – ҚДЖМ), ҚазМУБУ (Алматы қ. және Астана қ.), медбикелер үшін – «Астана» ОҚО (Астана қ.) болып табылады.

Сондай-ақ жетекші шетелдік клиникаларда тағылымдама түрінде шетелде мамандарды оқыту жүргізіледі.

Есеп бойынша 6 стандарттың күшті жақтары айқындалды:

1. Бөлім құрылымында білім беру бағдарламаларының болуы;
2. Заманауи жоғары технологиялық жабдықтың болуы;
3. Жетекші клиникалармен ынтымақтастық және ТҒӨО медицина кадрларының әлеуеті.

Қорытынды: 6 стандарттың сипаттамасы институционалдық аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, сонымен бірге **жақсартуға арналған салалар** айқындалған:

- Симуляциялық жабдықтарды тыңдаушыларға арналған зерттеу үшін шығыс материалдарын сатып алу;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану.
- Қос атқарушылықпен жұмыс істейтін оқытушылармен жасалған еңбек шарттарын (5 маман), сондай-ақ клиникалық базалармен және практика базаларымен жасалған Шарттарды жаңарту.
- Тыңдаушылардың тамақтануы мен демалуы үшін жағдай жасау мүмкіндігін қарастыру.

7 стандарт: ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН БАҒАЛАУ (ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУ)

Мониторинг цикл тақырыбының қажеттілігі мен өзектілігін ескере отырып, практикалық денсаулық сақтау өтінімі бойынша жұмыс бағдарламасын әзірлеу кезеңінен бастап бүкіл білім беру процесі бойында өтеді. Оқу жұмыс бағдарламалары ҚР ДМ 2017 жылғы 14 сәуірдегі №165 бұйрығымен бекітілген типтік бағдарламалар негізінде әзірленеді, ТҒӨО Ғылыми кеңесі қарайды және бекітеді. Жұмыс бағдарламаларын қажеттілігіне қарай өзектендіру мақсатында ТҒӨО жетекші мамандары жаңартады, толықтырылады және қайта қаралады. Жұмыс оқу бағдарламаларын ресімдеу мен мазмұнына қойылатын талаптар 2017 жылғы 31.01 бекітілген «ҚР ДСӘДМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК-дағы білім беру қызметі туралы Ережемен» реттемеленеді.

Бір жылға арналған ББ және ҚБ циклдерін өткізудің күнтізбелік-тақырыптық жоспары бағыттың қажеттілігі мен өзектілігін және ҚБ өтінімдері бойынша мамандар үшін циклдар тақырыптарын ескере отырып жасалады. Сондай-ақ, өткен кезеңде ҒӨО-да дайындық ұйымдастыру іс-шаралары өткізіліп,

«Трансфузиология» мамандығы бойынша резидентурада оқыту бойынша білім беру қызметіне лицензия алынды.

Оқу аяқталғаннан кейін тыңдаушылар оқу бағдарламасының мазмұнына қанағаттану, оның өзектілігі бойынша сауалнаманың сұрақтарына жауап береді, сауалнама нәтижелері бойынша оқыту бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

2014-2018 жылдары әртүрлі медициналық ұйымдардан 959 тыңдаушы оқытылды, 899 адамнан (94%) сауалнама алынды. Бағалау 5 балдық жүйе бойынша жүргізілді. Орта есеппен пәннің ақпараттылығын, материалының түсініктілігі мен мазмұнын бағалауды бағдарлама тыңдаушылары 4-5 деп бағалады. Тыңдаушылардың жеке істерінде оқыту бағдарламасын бағалау бойынша кері байланыс сауалнамалары сақталады. 2019 жылы ҚБТ қолдану арқылы оқытуды енгізуге байланысты сауалнама сұрақтары қайта қаралып, толықтырылды. Қанағаттану 98% құрады, негізгі проблемалар оқытуды техникалық сүйемелдеуде болды. Негізгі ұсыныстар оқуға шығу кезіндегі қиындықтармен байланысты болды, осыған байланысты ББ-де қашық технологияларды енгізу бойынша жұмыс басында 54 сағаттан қысқа циклдерде, содан кейін күндізгі-сырттай қайта даярлауда басталды. Бұл ыңғайлы және тәжірибелі мамандарға жұмыстан шықпай-ақ, олар үшін ыңғайлы уақытта оқуға мүмкіндік береді. ББ жұмыс берушілердің оқу нәтижелеріне қанағаттануына мониторинг жүргізу бойынша жұмыс жүргізеді. Республикалық және облыстық қан орталықтарынан ақпарат жиналды, онда жұмыс берушілер оқытылғандар бойынша деректер және білім беру процесін жақсарту бойынша ұсыныстар берді.

Білім беру үдерісін бағалауды ТҒӨО басшылығы жүргізеді, ББ меңгерушісі апта сайын лездемелерде және өндірістік кеңестерде жүргізілген жұмыс бойынша есеп береді, 005 РБП бағдарламасын орындау кезінде тоқсан сайын есептер тапсырылады, сондай-ақ күшті және әлсіз жақтарын талдай отырып, бөлімнің жұмысы бойынша жыл сайынғы есеп жасалады.

Таңдау пәндері шеңберіндегі білім беру бағдарламалары жыл сайын еңбек нарығының қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып қайта қаралады және жаңартылады.

Директордың блогы бар. 01.01.2018-31.12.2018 жылдар аралығында сайтқа кірушілер саны 26132 адамды құрады. 2010 жылдан бастап ТҒӨО базасында жыл сайын қан қызметі ұйымдары басшыларының қан қызметі ұйымдары қызметінің қорытындылары бойынша және өңірлердегі мониторинг (инспекциялар) нәтижелері бойынша кеңестері өткізіледі. ТҒӨО-да білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында циклдардағы оқыту нәтижелері бойынша бақылау жүргізіледі. Қайта даярлау циклі аяқталғаннан кейін тыңдаушы өткен пәндерді көрсете отырып қосымша жасалады және бағалар қойылады. Тыңдаушы оқу шарттарын орындамаған жағдайда медициналық ұйымның басшылығымен байланысу мүмкіндігі бар. Бөлім жұмыс істеген кезеңде тыңдаушылармен күрделі жағдайлар болған жоқ.

Есеп бойынша 7 стандарттың күшті жақтары айқындалды:

1. Білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға практикалық денсаулық сақтау өкілдері мен тыңдаушыларды тарту.

Қорытынды: 7 стандарттың сипаттамасы институционалдық аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, сонымен бірге **жақсартуға арналған салалар** айқындалған:

- Ішкі аудит жүйесіне білім беру бағдарламаларына тұрақты негізде мониторинг жүргізу
- Тыңдаушыларды қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамына тысқары білім және ғылым, денсаулық сақтау ұйымдарының өкілдерін қосу
- Тыңдаушыларды оқытуға жіберетін жұмыс берушілерден кері байланыс алу жүйесін қарастыру.

8 стандарт. ҰЙЫМ

ДСӘДМ–ге есеп беретін мемлекеттік мекеме ретінде ТҒӨО өзінің кәсіби бағыты – трансфузиологияда көшбасшы болып табылады. 2016 жылы «Республикалық денсаулық сақтауды дамыту орталығы» РМК жүргізген ғылыми және инновациялық қызмет көрсеткіштері бойынша ғылыми ұйымдар мен медициналық жоғары оқу орындарының рейтингтік бағалау нәтижелері бойынша ТҒӨО 17-орынды, ал 2017 және 2018 жылдары 20 ұқсас ұйымның ішінде тұрақты 10-орынды иеленді. ТҒӨО «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы «ШЖҚ РМК ұйымдық құрылымы» әзірленді және бекітілді. Құжатталған рәсімдерді басқару ТҒӨО ПР-01(02)-10-16 «Құжаттандыру қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру қызметі ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2011 жылғы «18» қазандағы №725 бұйрығымен бекітілген ТҒӨО Жарғысында көрсетілген.

ТҒӨО ҚР-дағы жетекші ғылыми-әдістемелік орталық болып табылады, сондықтан басшылық қызметті жетілдіру, ұйым қызметкерлерінің алдына қойылған миссиялар мен мақсаттарды орындау, жергілікті өңірлердегі мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жауапкершілікті өз мойнына алды. Басшылық ТҒӨО-да білім беру қызметіне жауаптыларды айқындады, атап айтсақ – адами ресурстарды дамыту басқармасының басшысы А. Б. Тілеубаева. ББ бөлімі туралы ереже және бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары әзірленіп, бекітілді. Білім беру іс-шараларының жұмысын, жоспарлауын, бақылауын және мониторингін ұйымдастыру мақсатында білім беру бағдарламалары бөлімі құрылды, оның штатында: бөлім меңгерушісі, 3 ставка мамандар, 2,5 ставка аға оқытушылар бар. Орталықта ғылыми және педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар жоғары кәсіби профессор-оқытушылар құрамы бар, оның құрамында - 2 м.ғ. д., 5 м. ғ. к., магистрлер (МВА) – 8 адам, жоғары санатты 20-дан астам дәрігер, бірінші санатты 11-ден астам дәрігер, екінші санатты 6 дәрігер бар. Білім беру циклдарын өткізуге үлкен практикалық тәжірибеге ие, негізінен практикалық сабақтар жүргізетін және Орталық жабдықталған жоғары технологиялық жабдықта жұмыс тәжірибесі бар жоғары дәрігерлік санаты бар дәрігерлер белсенді тартылады.

Білім беру іс-шаралары мен бағыттарын жоспарлау ҚР ДМ және БҒМ нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жүргізіледі. Үздіксіз кәсіби даму бағдарламаларын жоспарлау кезінде ТҒӨО қызметкерлері мәлімделген миссияға бағдарланады және оқытудың күтілетін түпкілікті нәтижелерін айқындайды. Білім беру қызметі туралы Ережеге сәйкес «ҚР ДМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК-ға жыл соңында ББ бөлімі өңірлерге біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарын қалыптастыруға қатысуды ұсынатын хаттар жібереді. Кейіннен белгілі бір тақырыптар мен бағыттар, оқу ұзақтығы, мерзімі бойынша оқыту қажеттілігіне талдау жасалады, яғни серіктестердің барлық тілектері ескеріледі. Алынған өтінімдер бойынша ұйымның күшті және әлсіз жақтарына, сондай-ақ қолда бар сыртқы және ішкі ақпарат негізінде оның әлеуетті мүмкіндіктеріне талдау жүргізіледі. Басшылықпен және оқытушылармен бірлесіп білім беру бағдарламаларын іске асыру стратегиясын таңдау айқындалады (оқытудың ұзақтығы мен әдістері, оқыту орны, тиісті ресурстармен қамтамасыз ету, оқытушылардың құзыреттері ескеріледі). Білім беру бағдарламаларын іске асыру ТҒӨО зертханаларында, «Нұр-сұлтан қ. әкімдігінің «1 қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК гематология бөлімінде, «№1 перинаталдық орталық» ШЖҚ МКК, «Ана мен бала ұлттық орталығында» өтеді, олармен клиникалық қызметке шарттар жасалған.

2014 – 2018 жылдары жоғарыда аталған бағдарламалар шеңберінде оқытуға арналған қаражат игерілді: 005 бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы – 12 952 858 теңге, оның ішінде 2014 жылы – 4 089 183 теңге, 2015 жылы – 2 171 140 теңге, 2016 жылы – 3 438 335 теңге, 2017 жылы – 2 372 500 теңге, 2018 жылы – 881 700 теңге.

2014-2018 жылдары ақылы циклдардан нақты табыс 40 543977 мың теңгені құрады, оның ішінде 2014 жылы – 4 411 350 теңге, 2015 жылы – 10 476805 мың теңге, 2016 жылы – 6 695 450 теңге, 2017 жылы – 5 066 665, 2018 жылы – 13 893 707 теңге. Тәжірибе көрсеткендей, ТҒӨО-да білім беру қызметі 005 РБП бойынша мемлекеттік тапсырыстың төмендеуіне қарамастан ақылы білім беру қызметтерін көрсету есебінен өсуде.

2019 жылдан бастап ББ қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, цикл тыңдаушыларын оқытуды бастады, бұл серіктестерге іссапар шығындарына уақыт пен қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді, тыңдаушыға оқу уақытын ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Есеп бойынша 8 стандарттың күшті жақтары айқындалды:

1. ТҒӨО ҚР ДМ ведомстволық бағынысты ұйымы болып табылады;
2. Білім беру іс-шараларын үйлестіруді, мониторингтен өткізуді және бақылауды қамтамасыз ететін құрылымның (білім беру бағдарламалары бөлімі) болуы;
3. Білім беру іс-шараларын тұрақты қаржыландыру

Қорытынды: 8 стандарттың сипаттамасы институционалдық аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, алайда жақсартуға арналған ұсынымдар бар:

- Резидентура мамандықтарының тізбесіне трансфузиологияны енгізу;

- Әдіскер ретінде ББ бөлімі мамандарының біліктілігін арттыру;
- Мамандықтар бойынша 005РБП бойынша мемлекеттік тапсырыс алу.

9 стандарт. ҮЗДІКСІЗ ЖАҚСАРТУ

Миссия мен мақсаттар 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарға сәйкес қайта қаралды және өзектендірілді, қызметкерлер мен мүдделі тараптардың қатысуымен әкімшілік әзірледі.

ТҒӨО практикалық денсаулық сақтау қажеттіліктерінің өзгеруін, жаңа нормативтік-құқықтық құжаттаманы, қоғамдағы өзгерістерді ескере отырып, ББ ұйымдық құрылымын үнемі жаңартып отырады. Соңғы жаңарту 2019 жылдың 24 мамырында енгізілді.

ТҒӨО медициналық білім беру саласындағы нормативтік және құқықтық актілерге тұрақты мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады, бұл өз қызметіндегі сәйкессіздіктерді жоюға мүмкіндік береді. Орталық НҚА сәйкестігіне ішкі құжаттарды өзектендіруді жүргізеді.

Білім беру сапасын бағалау жүйесі қорытынды бақылауды жүргізу кезінде кіру және шығу кезінде білім деңгейін тексеруді қамтиды. Жыл сайын ТҒӨО-да білім беру процесі мен негізгі қызмет түрлеріне мониторинг жүргізіледі. ББ меңгерушісі бөлімше басшыларымен апта сайынғы лездемелерде үнемі есеп береді, басшылыққа негізгі қызмет түрлері және туындаған проблемалар туралы баяндайды, қызметкерлермен жедел туындаған мәселелерді шешеді. Күнтізбелік жылдың соңында ұжым алдындағы негізгі жұмыс бойынша есеп жасалады, сондай-ақ бюджеттік бағдарлама бойынша тапсырманы орындау бойынша белгіленген нысан бойынша денсаулық сақтау министрлігіне есеп тапсырылады.

Есеп бойынша 9 стандарттың күшті жақтары айқындалды:

1. ТҒӨО құрылымының өзгеруіне, білім беру саласында ҚР жаңа нормативтік-құқықтық актілерінің шығуына байланысты құжатталған сәйкессіздіктерді уақтылы жою.

Қорытынды: 9 стандарттың сипаттамасы институционалдық аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, сонымен бірге бұл бөлімнің сипатына толық түсінік қалыптасуы үшін мынаны **жүрізген дұрыс:**

- Өзгерістер енгізу және сәйкессіздіктерді жою үшін білім беру саласындағы НҚА тұрақты мониторинг жүргізу.

2.5 ҚР ДМ «Трансфизиология Ғылыми-Өндірістік Орталығы» ШЖҚ РМК қосымша білім беру ұйымының (үздіксіз кәсіби даму) институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне қызметін өзіндік талдау деңгейі мен сапасы.

Өзін-өзі бағалау есебін талдау негізінде сарапшылар өзін-өзі бағалау есебінің мазмұны АЕО институционалдық аккредиттеу стандарттарына және өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі Басшылықтың ұсынымдарына сәйкес құрылымдалғанын анықтады.

Есеп сауатты жазылған, стандарттарды сипаттауда дәйектілік пен логика

сақталады, әрбір стандарт бойынша тұжырымдар анық және түсінікті, кестелерде мәтіндегі сілтемелер бар және олар өтпелі нөмірленген. ТҒӨО-ның нормативтік-құқықтық актілеріне, типтік қағидаларына, ережелеріне, оқу-әдістемелік құжаттарына сілтемелер бар.

Өзін-өзі бағалау және сипаттау АЕО аккредиттеу стандарттарының критерийлеріне сәйкес жүзеге асырылды және Өзін-өзі бағалау жөніндегі басшылықтарда тұжырымдалған сұрақтарға жауаптар алынды. ТҒӨО-ның барлық стандарттарында институционалдық аккредиттеу стандарттарының талаптарын сақтауды растайтын нақты тәжірибе, дәлелді деректер, денсаулық сақтау мамандарына қосымша білім беру бағдарламаларын, халықаралық іс-шараларды іске асыру, біліктілікті арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын әдістемелік сүйемелдеу мысалдары келтірілген. ТҒӨО қызметінің сипаттамасы тыңдаушылар, оқытушылар саны, қабылдау туралы мәліметтер, білім мен дағдыларды бақылау қорытындылары, материалдық-техникалық база, серіктестермен шарттық міндеттемелер, қаржылық ақпарат және т. б. бойынша толық және өзекті болып табылады.

Институционалдық аккредиттеудің 9 стандартының әрқайсысы бойынша қорытынды аккредиттелетін ұйымның өзі анықтаған күшті жақтары мен жақсартудың салаларының сипаттамасын қамтиды.

Осылайша, ТҒӨО өзін-өзі бағалау туралы есеп АЕО институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес барлық қызмет түрлері бойынша объективті, егжей-тегжейлі, құрылымдық ақпаратты қамтиды.

3. ССК сапарының сипаты

Сыртқы сараптама комиссиясының ТҒӨО-ға сапары 2019 жылғы 02 қыркүйекте АЕО бас директоры С. С. Сәрсенбаева бекіткен және ССК төрағасы Е. М. Тургуновпен және ТҒӨО директоры С.А. Абдрахмановамен келісілген бағдарламаға сәйкес ұйымдастырылды.

17.09.2019 ж. АЕО ССК мүшелерінің алдын ала кездесуі өтті. Ұйымдастырушылық жиналыс барысында сарапшылар танысты, келу бағдарламасы нақтыланды, ССК мүшелерінің жауапкершілігі бөлінді. ТҒӨО-ның институционалдық өзін-өзі бағалау жөніндегі есебіне қысқаша шолу жүргізілді, ССК мүшелерін толық хабардар ету үшін аккредиттелетін ұйымнан сұрау қажет құжаттардың тізбесі айқындалды.

ТҒӨО сараптамалық бағалауы бойынша объективті ақпарат алу үшін ССК мүшелері мына әдістерді қолданды: басшылықпен және әкімшілік қызметкерлермен әңгімелесу, дәрігерлермен және тыңдаушылармен кездесу, бақылау, веб-сайтты зерттеу, әртүрлі құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерімен, оқытушылармен, тыңдаушылармен сұхбат, оқытушылар мен тыңдаушылардың бланкілік сауалнамасы, аккредиттеу стандарттарын орындау контекстінде ресурстарды тексеру, 30-дан астам оқу-әдістемелік құжатты зерделеу. ССК сапарының екі күндік бағдарламасы толығымен орындалды. ТҒӨО ұжымы тарапынан келу бағдарламасында көрсетілген барлық адамдардың қатысуы қамтамасыз етілді (1-кесте).

1 кесте – ССК мүшелерімен кездесулер, сұхбат, әңгімелесуге қатысушылардың саны мен санаты туралы мәліметтер

№	Қатысушылар санаты	Саны
1.	Директор Абдрахманова С.А.	1
2.	АРДБ басшысы Тлеубаева А.Б.	1
3.	Білім беру бағдарламалары бөлімінің меңгерушісі Тугельбаева К.А.	1
4.	Донорлық кадрларды толымдау бөлімінің меңгерушісі Копеева Э.Р.	1
5.	Қан және оның компоненттері әзірлемесі бөлімінің меңгерушісі Бибеков Ж.Ж.	1
6.	Республикалық референс-зертхана басшысы Савчук Т.Н.	1
7.	Трансфузиялық инфекцияларды зертханалық зерттеу бөлімінің меңгерушісі. Гринвальд Е.Н.	1
8.	Қанды иммуногематологиялық және клиникалық-биохимиялық зерттеу бөлімінің меңгерушісі Садвакасова Д.Г.	1
9.	Сапаны сырттай бағалауды ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Набиуллина Н.Н.	1
10.	Тіндерді иммунологиялық тип теу зертханасының меңгерушісі Турганбекова А.А.	1
11.	Сапа және ішкі аудитті басқару бөлімінің меңгерушісі Балтабаева Т.С.	1
12.	Қан компоненттерін уақытша сақтау және жою бөлімінің меңгерушісі Есенбаева Г.А.	1
13.	Өнімді сақтау және беру бөлімінің меңгерушісі Картабаева Г.К.	1
14.	Криобиология бөлімінің меңгерушісі Оспанова М.Е.	1
15.	Сапаны бақылау және өңірлермен жұмыс басқармасының басшысы Тарасова Н.А.	1
16.	Ғылыми зерттеулер менеджменті бөлімінің қызметкері Туякова Н.С.	1
17.	Оқытушылар Байдурын С.А. Нургалиев Д.Ж. Мусилимова С.Т. Скорикова С.В. Кемайкиным В.М. Мамбетова А.Ж.	6
18.	Тыңдаушылар	10
	Барлығы	32

17.09.2019 ж. – сапардың 1 күні. Сапар бағдарламасына сәйкес ССК мүшелері сапардың бірінші күні директор Абдрахманова Сания Алишевнамен кездесіп, сұхбат жүргізді (1 фото). Сұхбат сұрақтары ұйымның миссиясына, стратегиялық мақсатына және стратегиялық даму бағыттарына қатысты болды. Орталық директоры жан-жақты жауаптар берді, даму стратегиясын, практикалық және ғылыми қызметті іске асыру бойынша пайымдаулар мен негізгі іс-шаралар және осы міндеттердің білім беру қызметімен қалай интеграцияланғаны айтылды. Сонымен қатар сарапшылар 5 жылға арналған стратегиялық жоспарды, кейбір қаржылық құжаттарды, 2019 жылға арналған жылдық жоспарды және 2017 және 2018 жылдарға арналған есептерді қарады. Бұл сұхбат 1,8 және 9 аккредиттеу стандарттарын растауға мүмкіндік берді.



1 фото. ССК ТҒӨО қызметкерлерімен әңгіме жүргізуде

Бұдан әрі сарапшылар адам ресурстарын дамыту басқармасының басшысы Ақмарал Бозжановна Тлеубаевамен және білім беру бағдарламалары бөлімінің меңгерушісі Кузылгуль Алимовна Тугельбаевамен кездесу өткізді. Сарапшылар орталық қызметкерлерін оқытуға тарту саясаты, біліктілікті арттыру бағдарламаларына тыңдаушыларды қабылдаудың стратегиясы мен тактикасы, тыңдаушыларды қабылдаудың мотивациялық тәсілдері, ақпараттық қамтамасыз ету, адам ресурстарын басқару саласындағы проблемалар және білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы сұрақтар қойды. Тыңдаушыларды қабылдау және оқытушыларды іріктеу бойынша материалдар зерделенді. Орталық қызметкерлерімен білім беру бағдарламалары бөлімі туралы шолу презентациясы жасалды, бұдан әрі жалпы ұйымның жетістіктері, мәселелері көрсетілді және білім беру бағыты бойынша даму перспективалары, оның ішінде стратегиялық жоспардағы ҮКД бағдарламаларын дамыту жөніндегі іс-шаралар, жылдар бойынша, оның ішінде өткен жылдардағы резидентура бағдарламалары бойынша тыңдаушыларды қабылдау статистикасы көрсетілді (қазіргі уақытта резиденттерді

оқыту өткізілмейді). Бұл сұхбат және құжаттаманы зерттеу сарапшыларға 2,4,5 стандарты бойынша өзін-өзі бағалау туралы есеп деректерін растауға мүмкіндік берді.

Осыдан соң ТҒӨО-ға бару бағдарламасы бойынша ССК мүшелері орталықтың 10 бөлімшесіне, соның ішінде донорлық кадрларды жинақтау бөлімшесіне, қан мен оның компоненттерін дайындау бөлімшесіне, Республикалық референс-зертханаға, трансфузиялық инфекцияларды зертханалық зерттеу бөлімшесіне, қанның иммуногематологиялық және клиникалық-биохимиялық зерттеулер бөлімшесіне, сапаны сыртқы бағалауды ұйымдастыру бөлімшесіне, тіндерді иммунологиялық типтеу зертханасына, уақытша сақтау және қан компоненттерін жою, өнімді сақтау және беру бөліміне кіріп шықты (2 фото).

ТҒӨО ресурстық базасына бару барысында сарапшылар «Қан мен оның компоненттерін дайындаудың аппараттық әдістері» тақырыбында практикалық сабаққа қатысты, оқытушы: Скорикова Светлана Викторовна. 10 тыңдаушы, «Нұр-сұлтан қаласының №4 қалалық емханасы», «Тарбағатай ауданы Ауданаралық ауруханасы», «Ақмола облысы Облыстық қан орталығы», «Семей қаласы №2 қалалық ауруханасы», «Қарағанды облысы Облыстық қан орталығы», «Жаңақала аудандық ауруханасы», «Солтүстік Қазақстан облысы Облыстық қан орталығы», «Уәлиханов аудандық ауруханасы», Катонқарағай ауданы №2 аудандық ауруханасы», «Шет ауданы Орталық аудандық ауруханасы» сияқты ұйымдардың өкілдері қатысты. Сарапшылар сабақтың әдістемелік қамтамасыз етілуінің (жұмыс оқу бағдарламасы, дидактикалық материал), ресурстық қамтамасыз етудің (жабдықтың болуы, тыңдаушылардың жабдыққа қол жеткізуі), сабақ құрылымының тыңдаушылардың күтулеріне сәйкестігі туралы көз жеткізді, тыңдаушылардың белсенділігін және тыңдаушылардың кіріс білім деңгейіне бағалау жүргізуді анықтады. Осылайша, 2,5,6 стандарттарының орындалуы туралы дәлелдер алынды.

ССК сонымен қатар сапаны басқару және ішкі аудит бөліміне барды, ол негізінен орталықтың практикалық, ғылыми және әкімшілік-қаржылық қызметін бақылайды және экспорттайды. Бөлім меңгерушісі Толқын Сансызбайқызы Балтабаева құжаттаманы, есептерді көрсетіп, сарапшылардың бірқатар сұрақтарына жауап берді: тыңдау процесін құжаттау. Тыңдаудың жүйелілігі, сапаны бағалау әдістері және қандай түзету шаралары, олардың тиімділігі және т.б. Осылайша 6,7,8 стандарттарының орындалуының дәлелі табылды.

Одан әрі сапардың бірінші күні профессор-оқытушылар құрамының өкілдерімен сұхбат өтті, оның соңында 10 оқытушымен бланкілік сауалнама жүргізілді. Сауалнама зерттелетін мәселенің тақырыбын ашатын 21 негізгі сұрақтан тұрады. Кездесу барысында сыртқы сарапшылар миссияны қалыптастыруға, оқытушыларды дамыту бағдарламаларына қатысу және ақпараттандыру, оқытушылар білім беру процесінде қандай әдістемелік материалдарды пайдаланады, топтарды қалай қалыптастырады, тақырыптық жоспарларға қандай өзгерістер енгізеді деген сұрақтар қойды.



2 фото. ССК орталық бөлімшелеріне сапары

Оқытушылар сауалнамасының қорытындысы:

Барлық сұрақтар жабық типте, бірнеше жауап нұсқасы бар. Сұрақтар бірнеше блоктарға бөлініп, мынаны **анықтауға** көмектеседі: - Институттағы микроклимат; - тыңдаушыларды оқытуды ұйымдастыру және өткізу деңгейі; - оқытушылардың кәсіби өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері; - тыңдаушылардың білім деңгейі (оқытушылардың көзімен). Әлеуметтанулық шама бойынша репрезентативті іріктеу төменде келтірілген сауалнама нәтижелерін талдауға мүмкіндік береді.

Алынған эмпирикалық деректерге сәйкес оқытушылардың педагогикалық өтілі: 5 жылға дейін – 20%, 5-10 жыл – 10%, 10 жылдан астам – 70% құрайды.

Бірінші кезекте оқытушылар ТҒӨО ішіндегі ұйымдастырушылық ахуал туралы пікірлерімен бөлісті. Респонденттердің 70%-ы ұйымда әріптестер, оқытушылар мен басшылық арасындағы қарым-қатынаста этика мен бағыныштылық толық сақталатынына келіседі. 80% еңбек пен жұмыс орнын ұйымдастыруға толықтай қанағаттанған. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (90%) ұжымдағы (құрылымдық бөлімшелердегі) жақсы микро-климат туралы айтады.

Тыңдаушыларды оқыту процесіне келетін болсақ, оқытудың ең танымал әдістері анықталды (1 сурет). Төменде диаграммада көрсетілгендей, оқытушылар жиі қолданатын сабақ түрі дәріс, тақырыпты ауызша талдау, ситуациялық тапсырмаларды талдау, кейстерді құрастыру және шешу болып табылады. Интерактивті оқыту, тесттерді шешу, шағын топтарда жұмыс істеу және т.б. жиі қолданылады, сирек – рефераттар және монографиялардан тақырыптық ақпаратты көшіріп жазу.

Алайда проблемалық аймақтар да анықталды. 20%-ы кадр қызметінің жұмысына қанағаттанбайды, оқытушылардың 20%-ы білім беру процесін қамсыздандыру үшін әдістемелік және дидактикалық материалдарды, кеңсе техникасын, кеңсе тауарларын сатып алуға өтінімдерді уақтылы орындауға алаңдаушылық білдірді. 10% мұны ұзақ күтумен байланыстырады. Бұл ретте 70% олардың бәрі жақсы екенін атап өтті. Осы бағыттағы жұмысты жақсарту үшін осы көрсеткіштерді ескеру қажет.

Сабақ өткізу кезінде оқытушылар үшін ең алдымен бақылау-өлшеу құралдарының (60%), силлабустардың және ПОӘК (60%) болуы өте маңызды, 2-сурет.

Еңбекті ұйымдастырудағы менеджмент пен жағдайларға қатысты оқытушылардың 90%-ы ТҒӨО қабырғасында мамандық бойынша кәсіби мамандар ретінде іске асыруға мүмкіндігі бар екеніне сенімді. Бұл ретте 60% ұйым іс-шараларға (халықаралық, республикалық) қатысу шығындарын төлейтінін, 20% - демеушілерді өздері табатынын атап өтті. Яғни мұғалімдердің дамуға деген ұмтылысын басшылық толық қолдайды. Ұйымда мансаптық өсу және құзыреттілікті дамыту мүмкіндігі бар (100% осы пікірді қолдайды). Сауалнамаға қатысқандардың 80%-ы өткен 5 жыл ішінде біліктілігін арттырды. Олардың көпшілігі (30%) 3 жыл бұрын, 10% 1 жылдан аз уақыт бұрын біліктілікті арттыру курстарында оқыды.

Сонымен қатар оқытушылар педагогтар мен қызметкерлерге көрсетілетін әлеуметтік қолдау туралы пікірімен бөлісті. Сонымен, олардың 40%-ы осындай бағдарламалардың бар екенін біледі, 10%-ы оларды пайдаланды. Алайда 30%-ы басшылықтан әлеуметтік қолдау сұрауға болатындығын білмейді, ал 20%-ы оларды пайдаланбаған. Анықталған дерек бойынша жұмысты күшейту қажет.



1 сурет. Тыңдаушыларды оқытудың қолданылатын әдістеріне қатысты оқытушылар сауалнамасының нәтижелері



2 сурет. Қолданылатын оқу-әдістемелік материалдарға қатысты оқытушылар сауалнамасының нәтижелері

Оқытушылардың 90%-ы басшылық білім беру үдерісін, ҒЗЖ және клиникалық жұмысты ұйымдастыру кезінде олардың пікірлерін тыңдайтынын атап өтті. Жалақыға қанағаттану деңгейі туралы бөлек айту керек. Мұғалімдердің 60%-ы ғана «Жалақым мені қанағаттандырады» деген пікірмен келіседі, 60%-ы

ішінара келіседі, ал 20%-ы олардың еңбегін материалдық тұрғыдан бұлай бағалайтынына мүлдем наразы.

Сауалнама арқылы біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстары басталғанға дейін тыңдаушылардың дайындық деңгейі бағаланды. Сонымен, 80% сабаққа қатысатын тыңдаушылардың дайындық деңгейі жеткілікті деп санайды. Бұл ретте курстың аяқталуы бойынша күтілетін нәтижелер туралы мәселенің нәтижелерін корреляциялай отырып, ТҒӨО-да іске асырылатын курстардың және басқа да іс-шаралардың (мастер-кластар, дөңгелек үстелдер және т.б.) тиімділігі туралы айтуға болады. 80% тыңдаушылар оқу бағдарламасын аяқтағаннан кейін жоғары білім мен практикалық дағдыларға ие екендігіне сенімді. Бұл практикалық дағдыларды тыңдаушылар клиникалық базалардағы пациенттерге толық қол жеткізе отырып (80%) дамытады.

Сауалнамаға қатысқан барлық оқытушылар (100%) бұл сауалнама орталық қызметінің негізгі бағыттарын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін пайдалы екендігімен толық келіседі.

Түскі астан кейін сарапшылар «Адамның қан топтарын диагностикалаудың заманауи әдістері. Қан тобын анықтаудағы қателіктер және олардың алдын алу» тақырыбында практикалық сабаққа қатысты, өткізген оқытушы Садвакасова Динара Ғазизқызы (3 фото). 10 тыңдаушы, «Нұр-сұлтан қаласының №4 қалалық емханасы», «Тарбағатай ауданы Ауданаралық ауруханасы», «Ақмола облысы Облыстық қан орталығы», «Семей қаласы №2 қалалық ауруханасы», «Қарағанды облысы Облыстық қан орталығы», «Жаңғалы аудандық ауруханасы», «Солтүстік Қазақстан облысы Облыстық қан орталығы», «Уәлиханов аудандық ауруханасы», Катонқарағай ауданы №2 аудандық ауруханасы», «Шет ауданы Орталық аудандық ауруханасы» өкілдері қатысты. Сарапшылар сабақ тақырыбы бойынша жұмыс оқу бағдарламасын, тестілерді, дидактикалық материалды, зертханалық жабдықты зерттеді. Аккредиттеу стандарттарының орындалуын растау мақсатында сабаққа қатысқан тыңдаушыларға оқытушы болмаған кезде қысқа сауалнама жүргізілді. Осылайша, 2,5,6 стандарттарының орындалуы туралы дәлелдер алынды.

Бұдан әрі сапар бағдарламасына сәйкес АЕО сарапшыларының ТҒӨО бағдарламаларының тыңдаушыларымен кездесуі өтті. 10 адам қатысты. Мынадай сұрақтар қойылды:

- Бұл ұйымда бірінші рет оқып жатсыз ба?
- Неліктен біліктілікті арттыру үшін осы ұйымды таңдадыңыз? Денсаулық сақтау мамандарының біліктілігін арттыру қызметтеріне қатысты ұйымның сапалық айрықша сипаттамаларын бере аласыз ба?
- Бұл ұйымның миссиясы басқа ұқсас ұйымдардан қалай ерекшеленеді? Аккредиттелетін ұйымның бәсекелестік артықшылығы неде?
- Сіз ұйымның миссиясы мен мақсаттарын тұжырымдауға қатыстыңыз ба?
- Осы ұйымның тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндігіңіз бар ма?

- Ұйымдағы корпоративтік мәдениет пен корпоративтік этика дәрежесін қалай бағалайсыз?
- Сабақ барысында оқытушылар қандай әдістемелік материалдармен қамтамасыз етеді?
- Бағдарламалар медициналық практика мен ғылымның заманауи дамуына сәйкес келе ме?
- Оқытушылар біліктілікті арттыру бағдарламасына қабылдау кезінде сіздің бастапқы білім деңгейіңізді қалай бағалады?
- Тыңдаушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың қандай формалары ұйымда қолданылады және нәтижелер қалай бағаланады?
- Бағдарламаларды әзірлеу кезінде тыңдаушылардың пікірі ескеріле ме? Мысалдар келтіріңіз?
- Оқытушылар сабақтарда және сабақтан тыс уақытта кеңес беру, тыңдаушылардың қиындықтарын анықтау және т. б. үшін жауап беруге ашық па?
- Аккредиттелетін ұйымның оқу шарттары мен материалдық-техникалық базасына қанағаттанасыз ба?



3 фото. ССК мүшелерінің практикалық сабаққа қатысуы

Барлық сұрақтарға тыңдаушылар толық жауап берді. Кездесу соңында тыңдаушыларға 26 сұрақтан тұратын бланкілік сауалнама жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері мыналарды көрсетті:

Барлығы 10 тыңдаушы қатысып, 22 негізгі жабық сұрақтан тұратын сауалнаманы толтырды. Бұдан әрі біз тыңдаушылардың сауалнамасының нәтижелерін береміз.

Сауалнамалардың нәтижелеріне сәйкес сауалнамаға қатысушы тыңдаушылардың субъективті пікірлері түсіндірілді. Репрезентативті үлгіні ескере отырып, алынған эмпирикалық деректер талдауды шығару үшін жарамды болуы мүмкін деп айтуға болады. Тыңдаушылардың 80%-ы біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша, қалған 20%-ы қайта даярлау бағдарламасы бойынша оқыды. 30% 5 жылға дейін, 10% - 5-10 жыл, 60% - 10 жылдан астам жұмыс өтілі бар. Барлық сұралғандардың 90%-ы жаңа негізгі дағдылар мен білімді қалыптастыру және кәсіби құзыреттілікті дамыту мақсатында ТҒӨО-ны қосымша білім беру ұйымы ретінде ұсынуға дайын екендіктерін мәлімдеді. Бұл тармақ ТҒӨО имиджіне де оң әсер етеді.

Тыңдаушылардың жалпы санының 90%-ы оқытушылар мен бағдарлама жетекшілері оқумен байланысты тыңдаушылардың проблемалары туралы білетіндігін атап өтті, бұл дамыған әлеуметтік капиталдың – ТҒӨО-да сенім мен өзара іс-қимыл деңгейінің бар екендігін көрсетеді. Сондай-ақ бұл уақытпен қатар жүретін және медицина саласындағы өзекті ақпарат пен білімге ие оқытушылардың кәсіби шеберлігін көрсетеді. Ұйымдастырушылық климатқа келетін болсақ, оқыту үшін жасалған жағдайлар тыңдаушыларды толығымен қанағаттандыратыны анықталды – респонденттердің 100%-ы оқу бөлмелері мен аудиторияларды жарақтандырудың жоғары деңгейі туралы атап өтті. Сонымен қатар тыңдаушылар білім алушылар үшін рекреациялық жағдайлар (бос уақыт) туралы түсініктеме берді - 70%-ы ТҒӨО оларды демалыс бөлмелерімен, аумақтағы беседкалармен, сабақтар арасындағы үзілістерде буфет-асханалармен қамсыздандырудың деңгейіне толық қанағаттанды. Бұл мәселеде 30% ішінара қанағаттанушылықты атап өтті, бұл демалыс уақытын тиімді пайдалану үшін жағдайды одан әрі жақсарту қажеттілігін көрсетеді, бұл өз кезегінде еңбек өнімділігінің артуына әсер етеді.

ТҒӨО аудиториялары мен практикалық базалар, тыңдаушылардың айтуынша, оқуды ұйымдастыру үшін ұйымдастыру техникасымен (компьютерлер, ноутбуктер, принтерлер) жеткілікті түрде қамтамасыз етілген – қанағаттандырылған: 80% - толық, 20% - ішінара.

Оқу процесі. Тыңдаушылардың көзімен оқытушылардың кәсіби және педагогикалық тәсілдері бағаланды. Тыңдаушылардың 90%-ы ТҒӨО-ның барлық оқытушылары оларды әдістемелік және дидактикалық материалдармен, сабаққа дайындалу үшін қосымша әдебиеттермен қамтамасыз ететіндігін атап өтті. Алайда нарративтік (терең) сауалнама кезінде тыңдаушылардың көпшілігі мұғалімнің қолындағы жоғарыда аталған материалдармен ғана қанағаттанатыны анықталды. Яғни тыңдаушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын одан әрі - мысалы, ТҒӨО кітапханасынан немесе медициналық білім беру саласындағы бөгде ресурстардан дамыту қажет. Бұл сәт ҒӨО кітапхана қоры туралы сұраққа жауаптардың корреляциясы кезінде расталды, онда кітапханаға баратын адамдардың жалпы мөлшерінің аз ғана бөлігі тыңдаушыларға қатысты екендігі

анықталды. Кітапхана қорының қанағаттанушылығын бағалау 70% – құрады, ал электрондық білім беру ресурстарына қолжетімділік сауалнамаға қатысушылардан 100% - толық қанағаттандырылды.

Оқу процесін бағалаумен қатар тыңдаушылардың 90%-ы толық қанағаттанған клиникалық оқытуды ұйымдастыруды да жатқызу керек. Дәл осындай оң нәтиже оқыту әдістеріне қанағаттанушылықты бағалау және оқытушылардың оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолдануы бойынша алынды (100% толығымен қанағаттандырылды). Сабақтардың тәжірибеге бағдарланған бағытын атап өту қажет, онда көпшілік (80%) практикалық оқытуға жеткілікті уақыт алады (пациенттерді күту және т.б.).

Келесі сұрақ мұғалімдердің педагогикалық этикасы мен кәсібилігін көрсетеді. Білім алушылардың 80%-ы білім мен дағдыларды бағалау әдістері туралы оң пікір айтады. ТҒӨО-да оқитын барлық тыңдаушылар сабақтың ыңғайлы кестесіне баса назар аударды, бұл ТҒӨО-да оқу процесінің жоғары менеджменті туралы хабар береді. Сонымен қатар пікірлерді тыңдау, шағын сауалнама жүргізу, қателіктермен жұмыс істеу арқылы кері байланыс алу процесі ұйымдастырылған. Осы жұмыстардың барлық түрлерін жүргізу респонденттердің жауаптарымен расталды (100%).

Тыңдаушылар, әрине, сапалы білім беру қызметтерін ұсынумен сипатталатын ТҒӨО имиджі мен беделін бағалады. Барлық тыңдаушылар ТҒӨО-да оқуға риза екендіктерін және осы білім беру ұйымы таңдалған мамандық бойынша қажетті білім мен дағдыларды жетілдіруге немесе игеруге толық мүмкіндік беретіндігіне сенімді түрде жауап берді.

Тыңдаушылардың 90%-ы білім беру ұйымдарын немесе білім беру бағдарламаларын аккредиттеуді жүргізу қажет екендігімен келіседі. Аккредиттеу комиссиясының жұмысы туралы тыңдаушылардың пікірі: 100% - оң. Осылайша, ССК мүшелері практикалық сабаққа қатысуға және тыңдаушылардың оқу жағдайларын бағалауға мүмкіндік алды.

Аккредиттеу рәсіміне сәйкес 10 оқытушы мен 10 тыңдаушыдан сауалнама алынды.

Тыңдаушылармен сұхбат жүргізгеннен кейін сарапшылар орталықтың тағы бір бөлімшесіне - криобиология бөлімшесіне барды. Дің жасушаларының Банкі. Инновациялық технологиялар кабинеті, онда меңгеруші Оспанова Мадина Ералыевна қан қызметі мамандарын оқытуды ұйымдастыруға арналған ТҒӨО-ның заманауи ресурстық мүмкіндіктерін көрсетті.

Сапардың бірінші күнінің соңында сарапшылар қосымша білім беру бойынша ТҒӨО дайындаған құжаттаманы (істер номенклатурасы, 5 жылға арналған стратегиялық жоспар, операциялық жоспар, 2016, 2017, 2018 жылдарға арналған есептер, тыңдаушыларды тіркеу журналы, Консультативтік-кеңесші орган туралы ереже, отырыс хаттамалары, ТООБ, ОӘК, 2018 және 2019 жылдарға арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар, сертификаттарды/куәліктерді/куәліктерді тіркеу журналы, тыңдаушылармен және жұмыс берушілермен кері байланыс сауалнамалары, сауалнама нәтижелері

бойынша есептер және қолданылған шаралар, әдеп кодексі және т.б.) зерделеді, соның ішінде ССК мүшелерінің сұрауы бойынша құжаттама да қамтылды. Аккредиттеу стандарттарын орындау және өзін-өзі бағалау туралы есептің деректерін тексеру үшін сыртқы сарапшылар өзін-өзі бағалау жөніндегі нұсқаулықтың ұсынымдарына сәйкес 44 құжатты сұрады (4 фото).

Қорытындылай келе сарапшылар жұмыстың бірінші күнінің қорытындыларын талқылады, алған әсерлерімен бөлісті, аккредиттеудің бірқатар стандарттарына сәйкестігі бойынша пікір алмасты, ТҒӨО-ға сапардың екінші күніне іс-шаралар жоспарлады.



4 фото. ТҒӨО құжаттамасын зерделеу

18.09.2019 ж. – сапардың 2 күні – қосымша білім беру бағдарламаларының тыңдаушыларын оқытудың клиникалық базасына - Ұлттық онкология ғылыми орталығына барудан басталды. Сарапшылар базаны зерттеп, бөлім басшыларымен әңгімелесу, клиникалық трансфузиология бойынша цикл оқытушысы Кемайкин Вадим Матвеевичпен сұхбат жүргізді (фото 5).

Бұдан әрі Нұрсұлтан қаласының № 1 қалалық ауруханасына барып, бөлім басшыларымен әңгімелесу, бағдарлама тыңдаушыларының құжаттамасын зерделеу, оқытушы Мамбетова Анар Жаңабайқызымен сұхбат жүргізілді. Қосымша білім берудегі ғылыми-зерттеу компоненттерін тексеру үшін ССК ғылыми зерттеулер менеджменті бөліміне барды, онда бөлім өкілі Тұяқова Нұрлыгүл Сапарбековнамен кездесу және әңгімелесу өтті.



5 фото. Тәжірибе базасына сапар

Сапардың екінші күнінің соңында сапардың 2-күнінің және жалпы ССК жұмысының қорытындысы шығарылды. Тыңдаушылардың да, оқытушылардың да сауалнамаларының нәтижелерін өңдеу жүргізілді, күннің соңында институционалдық аккредиттеу қорытындылары бойынша сапа бейіні мен сыртқы бағалау критерийлері толтырылды. Есеп жобасы және ұйымның қызметін жақсарту бойынша ұсыныс дайындалды. ССК жұмысы үшін қолайлы жағдайлар жасалды, барлық қажетті ақпараттық және материалдық ресурстарға қолжетімділік ұйымдастырылды. Комиссия ТҒӨО корпоративтік мәдениетінің жоғары деңгейін, ССК мүшелеріне ақпарат беруде ұжымның ашықтығының жоғары дәрежесін атап өтеді.

Сараптамалық бағалау қорытындылары бойынша ССК әзірлеген қосымша білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу (үздіксіз кәсіптік даму) стандарттарына сәйкес ТҒӨО қызметін жақсарту жөніндегі ұсынымдар 18.09.2019 жылғы басшылықпен кездесуде ұсынылды.

ССК-ға барудың екі күндік бағдарламасы толығымен орындалды. ТҒӨО ұжымы тарапынан келу бағдарламасында көрсетілген барлық адамдардың қатысуы қамтамасыз етілді.

4. ССК сыртқы бағалау және сапар жөніндегі қорытындысы

Қосымша білім беру (үздіксіз кәсіптік даму) ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне ТҒӨО-ға сапар мен сыртқы бағалау шеңберінде ССК мүшелері ұйым қызметінің негізгі көрсеткіштерін мұқият зерделеп, бағалады.

ТҒӨО-ға сапар барысында басшылықпен, бөлімше қызметкерлерімен кездесулер кезінде, құжаттаманы зерделеу, тыңдаушылар мен оқытушыларға сауалнама жүргізу кезінде сыртқы сарапшылардың алған ақпараты талданды, өзін-өзі бағалау жөніндегі есеп деректерімен салыстырылды, бұл ТҒӨО ұсынған ақпараттың АЕО-ның қосымша білім беру (үздіксіз кәсіптік даму) ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне көз жеткізуге мүмкіндік берді.

ТҒӨО өзін-өзі бағалау есебінде аккредиттеу стандарттарын сақтау бойынша өзінің үздік тәжірибесін сипаттағанына қарамастан, сапар барысында сыртқы сарапшылардан 44 құжат сұралды, бұл аккредиттелетін білім беру ұйымы қызметінің қосымша білім беру (үздіксіз кәсіби даму) ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін анықтауға мүмкіндік берді.

Сапардың соңғы күні ССК мүшелері АЕО әзірлеген «Сапа бейіні және қосымша білім беру (үздіксіз кәсіптік даму) ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес ТҒӨО сыртқы бағалау критерийлері» бойынша аккредиттелетін білім беру ұйымының сәйкестігіне бағалау жүргізді. Жоғарыда аталған құжатты ССК әрбір мүшесі жеке толтырды. ССК мүшелері ешқандай ескертулер жасаған жоқ.

Осылайша, ССК мүшелерінің сыртқы бағалауы мен сапары сыртқы сараптама комиссиясы туралы Ережеге, АЕО медициналық білім беру ұйымының сыртқы бағалау жөніндегі басшылығына сәйкес ТҒӨО институционалдық өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің деректерін толық көлемде растауға және валидациялауға мүмкіндік берді.

5. ТҒӨО сыртқы бағалау қорытындылары бойынша институционалдық аккредитациялау стандарттарына сәйкестігін талдау және әрбір стандарт бойынша күшті жақтарға шолу

1 стандарт: МИССИЯ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ НӘТИЖЕЛЕР

Сарапшылар ТҒӨО-ның миссиясы, стратегиялық мақсаты мен пайымы еліміздегі халық денсаулығын қорғауда тұрған мемлекет пен орталықтың ортақ жауапкершілігімен еңбек нарығында сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлауға бағытталғанына көз жеткізді.

Профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың миссияны әзірлеу, талқылау және қабылдау процесіне (20.10.2017 ж. №465 бұйрық), ТҒӨО пайымдауына және оған қол жеткізудің кейінгі іс-шараларына тартылуы анықталды. Тыңдаушылар мен оқытушылар арасында жүргізілген сауалнамада көпшіліктің миссияның мазмұны және оның қай жерде орналасқандығы туралы хабардар екендігі анықталды, бірақ ұйымның даму стратегиясын әзірлеу процесіне негізінен әкімшілік қызметкерлер кіреді. Практикалық денсаулық сақтау өкілдерімен әңгімелесу кезінде миссияны әзірлеуге және тұжырымдауға

қатысу процесі толық көрсетілмеген. Институт миссиясының мазмұны уақыт өте келе қажеттілігіне қарай динамикалық түрде өзгереді.

Институтта миссияны, стратегиялық мақсат пен пайымды тарату үшін оны насихаттау, ПОҚ-қа, білім алушыларға, жұртшылыққа, денсаулық сақтау ұйымдарына, талапкерлерге және басқа да мүдделі тұлғаларға жеткізу жөніндегі іс-шаралар кешені әзірленді.

Соңғы нәтижелер барлық бағдарламаларда анықталады және практикалық сабақтарда айтылады. Сарапшылар тыңдаушылармен әңгімелесу барысында тыңдаушылардың оқытудың түпкілікті нәтижелері туралы хабардар екендігін, ал оқытушылар оларды силлабустармен электронды түрде қамтамасыз ететіндігін дәлелдеді.

Күшті жақтары:

1. Стратегиялық жоспарда миссия мен пайым, оның ішінде 2 бағыт әзірленген. Кадрлық және ғылыми әлеуетті жетілдіру

2. Мемлекеттік және ғылыми бағдарламаларды іске асыруға, халықаралық жобаларға қатысу,

3. Мамандар шетелдік жетекші қан орталықтарында оқытылады, дамыған елдерде қан қызметін ұйымдастырудың үздік тәжірибелерін зерттейді және енгізеді

4. ҚР қан қызметіндегі МБ әдіснамалық қызметі және практикалық қызметін үйлестіру (2011 жылғы №931 ДСӘДМ 30.12 бұйрығы)

5. Жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бойынша оқыту жүргізу.

6. Білім беру іс-шараларын бюджеттік бағдарламалар және өз қаражаты арқылы қаржыландыру

Критерийлер бойынша ССК қорытындылары: толық сәйкес келеді - 13, ішінара сәйкес келеді - 0, сәйкес емес - 0

1 стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту бойынша ұсынымдар:

1. ТҒӨО миссиясының тұжырымдамасы білім беру үдерісі саласындағы негізгі мақсатпен толықтырылсын.

2. ТҒӨО Ғылыми кеңесінің құрамына клиникалық пәндер бойынша негізгі оқытушылар енгізілсін.

2 стандарт: БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

ҚР ДМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК дәрігерлер мен орта медициналық персонал үшін қосымша білім берудің 34 бағдарламасын (барлығы 4 мамандық бойынша) іске асырады. Сарапшылар оқу-әдістемелік құжаттаманы зерделеп, білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі №165 бұйрығымен бекітілген Медициналық және фармацевтикалық кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлаудың үлгілік бағдарламаларына сәйкес жобаланады деген қорытындыға келді, ТҒӨО миссиясына және жұмыс берушілердің тиісті өтінімдеріне, сұрауларына және ұсынымдарына сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламаларының құрылымы өңір мен Республиканың қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру Типтік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларының мазмұны негізінде жүзеге асырылады.

Тыңдаушылардан, басшылық құрамнан және оқытушылардан сауалнама жүргізу кезінде тыңдаушылармен және жұмыс берушілермен оқытуды жоспарлау және таңдау компоненті бөлігінде жұмыс бағдарламасына енгізу үшін тақырыптарды таңдау бойынша кеңес беру жүргізілетіні анықталды. Осылайша, білім беру бағдарламаларының мазмұны тыңдаушылардың сұраныстарына сәйкес олардың жеке құзыреттері мен қажеттіліктерін қалыптастыру негізінде, мамандығы бойынша таңдау пәндері есебінен қолда бар мүмкіндіктер шеңберінде олардың кәсіби қызметіне байланысты қалыптастырылады. ҚР ДМ басым бағдарламалары шеңберінде Ғылыми Кеңестің отырыстарында мамандықтар бойынша ОӘК құрамында таңдау пәндері талқыланады және бекітіледі, бұл ғылыми кеңес отырысының хаттамаларымен бекітіледі. Пәндерді таңдау типтік бағдарламаларда белгіленген біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдарында таңдау бойынша компоненттердің ұсынылатын тақырыптарына (бағыттарына) сәйкес келеді (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі №165 бұйрығы).

Оқыту бағдарламаларын тиімді іске асыру үшін ТӨОО 7 клиникалық базамен шарт жасасты, оның 2-іне сыртқы сараптама комиссиясы барып, білім беру бағдарламаларының практикалық бөлігі тиісті деңгейде жүргізілетініне көз жеткізді. Тыңдаушылар барлық іске асырылатын бағдарламалар бойынша практикалық дағдыларды пысықтай алады.

ТҒӨО оқытушылары оқытудың әртүрлі әдістерін қолданады, белсенді әдістер мен тәжірибеге жақындатылған жағдайларда, тікелей ТҒӨО-да, сондай-ақ стационарларда баса назар аударады.

Тыңдаушыларды қабылдау кезінде олардың тілектері мен тыңдаушыларды оқуға жіберетін жұмыс берушінің өтінімдері ескеріледі. Осылайша, медициналық ұйымдардың өтінімдері мен денсаулық сақтау мамандарының дербес даму жоспары негізінде білім беру бағдарламаларын үнемі жетілдіру жүргізіледі.

Күшті жақтары:

1. Аккредиттелген ұйым оқытуды мазмұнына ғана емес, формаларына да (қашықтан оқыту технологияларын қолдануды қоса) қарай тыңдаушылардың қажеттіліктеріне, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесінің қажеттіліктеріне бейімдеп, нақты жұмыс берушілерден өтінімдер алды.

2. Ұйым бағдарламалары практикалық және теориялық компоненттерді біріктіруді, тыңдаушының еңбек функциясының барлық кезеңдерін модельдей отырып, ҚР ДМ жетекші емдеу-профилактикалық мекемелерінде пациенттерге көмек көрсету практикасын бақылауды қамтиды. Белсенді және дербес оқыту өз бөлімшелерінің базасында практикалық қызметке жақындатылған жағдайларда ұйымдастырылған.

3. ТҒӨО бағдарламаларды қалыптастыру арқылы мемлекеттің және «Трансфузиологтар қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің қолданыстағы саясатына сәйкес оқытуды іске асыруды қамтамасыз етеді.

4. Ұйым өзінің нормашығармашылық, ғылыми-қолданбалы және практикалық қызметін, сондай-ақ ҚР ДМ басқа да емдеу-профилактикалық ұйымдарын ескере отырып, ғылыми әдіснама, дәлелді медицина және клиникалық тәжірибе қағидаттары негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларының мазмұнын айқындады.

5. ТҒӨО білім беру бағдарламалары мазмұнының әртүрлілігі мен даралығын, оның ішінде тыңдаушылардың одан әрі дамуына жәрдемдесу үшін олардың құзыреттерінің бастапқы деңгейін анықтағаннан кейін қамтамасыз етеді.

ССК қорытындылары критерийлер бойынша: сәйкес келеді - 18, ішінара сәйкес келеді - 1, сәйкес келмейді - 0.

2 стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту бойынша ұсыныстар:

1. Жұмыс бағдарламалары мен силлабустарда тыңдаушылардың өзіндік жұмысын (СӨЖ) бағалау нысандарын, критерийлерін неғұрлым нақты көрсету, СӨЖ нысандары ретінде біліктілікті арттыру циклі шеңберінде ғылыми жобаны орындауға қатысуды көздеу. Оқытудың белсенді әдістерін кеңірек қолдану (Team-based learning, Clinical based learning).

2. Медициналық жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтармен және денсаулық сақтау саласымен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігін қарастыру.

3. Тыңдаушылар мен оқытушыларға халықаралық медициналық деректер базасына қолжетімділік беру туралы медициналық ЖОО-мен шарт жасасу.

4. Ғылыми жұмыста оқытушылар мен тыңдаушыларды тарта отырып, ТҒӨО-да ғылыми процестің дамуын ынталандыру. Оқытушылар мен тыңдаушыларды ұйымда іске асырылатын ғылыми жобаларға және ҚР университеттерінде және шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында магистратура мен докторантурада оқуға тарту. Ақпаратты таратудың заманауи арналары (әлеуметтік желілер және т. б.) арқылы ұйымның жетістіктерін насихаттау

3 стандарт: ҚҰЗЫРЕТТІ БАҒАДАУ ЖӘНЕ ҮКД ҚҰЗЖАТТАМАСЫ

Құжаттаманы зерделеу барысында сарапшылар бағалау критерийлері әр мамандық бойынша ОӘК-де сипатталғанын дәлелдеді.

Бұл ретте бағалау әдістерін қалыптасатын /дамитын құзыреттер және нақты пән бойынша оқытудың түпкілікті нәтижелеріне байланысты қолдануға ұсынылады.

Бағалау әдісін таңдау оқытудың белгіленген түпкілікті нәтижелеріне қатысты қолайлылық пен тиімділік негізінде жүзеге асырылады, оқытушы жүзеге асырады және ОӘК-де көрсетіледі.

Білім беру бағдарламаларын жобалау және іске асыру сапасын қамсыздандыру жүйесі ҮҚД бағдарламаларының сапасын ішкі бағалау мен сараптаудың үздіксіз циклі ретінде жұмыс істейді. Жүйенің элементтері:

- техникалық және мазмұндық сараптаманы, тыңдаушылармен, жұмыс берушілермен және оқытушылармен «кері байланыс» тетіктерін қамтитын арнайы алгоритмдерді пайдалана отырып орындалатын ҮҚД білім беру бағдарламаларының сапасына ішкі сараптама;

- ҮҚД білім беру бағдарламаларын іске асыру процесінде оларға жасалатын мониторинг және аудит;

- бағдарламаларға рецензия алу арқылы кәсіби қоғамдастық пен жұмыс берушілер тарапынан сыртқы сараптама

- институт тыңдаушыларының сауалнамасы (оқу процесінде және оны аяқтағаннан кейін кері байланыс).

Оқыту сапасын басқару мен қамтамасыз етудегі жетекші рөл институт әкімшілігіне тиесілі. Осы білім беру үдерістерінің тікелей провайдерлері институттың жоғары кәсіби ПОҚ болып табылады.

Күшті жақтары:

1. Тыңдаушының барлық негізгі құзыреттерін қалыптастыру және бағалау;
2. Білім мен дағдыларды бағалаудың әртүрлі әдістерінің болуы;
3. Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу үшін стандартталған нысандар әзірленді және енгізілді, онда оқытудың мақсаттары, міндеттері, түпкілікті нәтижелері, оқыту әдістері, бағалау әдістері, өзекті библиография, қарау және бекіту күні көрсетіледі;

4. Кері байланыс арқылы тыңдаушылардың оқу нәтижелерін игеруіне мониторинг жүргізу.

ССК қорытындылары критерийлер бойынша - б-ға сәйкес келеді, ішінара-1-ге сәйкес келеді, 0 – ге сәйкес келмейді. Толтырылған профиль жоқ болғандықтан түзетулер енгізуді сұраймын.

3 стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту бойынша ұсынымдар:

1. Тыңдаушыларды бағалау саясатын әзірлеу кезінде «Антиплагиат» жүйесі (СӨЖ, жобалар) қосу
2. Қорытынды аттестаттау кезеңі ретінде объективті құрылымдық клиникалық емтиханды (ОҚКЕ) пайдалану мүмкіндігін қарастыру
3. Тыңдаушылардың өзін-өзі бағалау рәсімін қарастыру.

4 стандарт: ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МАМАНДАРЫ (ЖЕКЕ КӘСІБИ ДАМУ)

Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау тәртібі «Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыру қағидаларында» регламенттелген. Қайта даярлау Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар номенклатурасы шеңберінде «Трансфузиология» мамандығы бойынша жүзеге асырылады. Біліктілікті арттыру және қайта даярлау

бағдарламалары шеңберінде ғылыми-ақпараттық алмасу бойынша іс-шаралар, семинарлар, тренингтер (мастер-кластар), өздігінен білім алу, практикада оқыту (жұмыс орнында тағылымдама) өткізіледі.

Оқытуды жоспарлау кезінде әрбір денсаулық сақтау маманы оқытуға қатысқаны үшін жеке өзі жауапты болады. Тыңдаушылардың сауалнамасының қорытындысы бойынша сарапшылар сұралғандардың көпшілігінен бағдарламалардың модульділігі мен икемділігі, оқытушылардың кәсібилігі, практикалық дайындықтың үлкен үлес салмағы, бағдарламаларды жоспарлауға жеке көзқарас, оқытудың ыңғайлы кестесі және осы ұйымды өз әріптестеріне ұсынуға деген ұмтылыс бөлігінде ТҒӨО-да оқуға қанағаттанудың жоғары деңгейінің дәлелдерін ала алды.

Денсаулық сақтау мамандары ТҒӨО-да өз таңдауы бойынша (білім беру бағдарламасына қатысқаны үшін жеке жауапкершілік) немесе жұмыс берушінің жолдамасы бойынша оқудан өте алады; өз есебінен жеке тұлға ретінде, көрсетілетін қызметтер шарты бойынша - жұмыс беруші төлейді, мемлекеттік медициналық ұйымдардың мамандары бюджеттік негізде тегін оқудан өтуге құқылы. ҮКД іс-шараларын жоспарлауға және жүзеге асыруға практикалық денсаулық сақтау саласының мамандары, оқу қорытындысы бойынша тыңдаушыларға сауалнама жүргізу (бағдарламаларға түзетулер енгізуге немесе сұранысқа ие және өзін-өзі көрсеткен ҮКД бағдарламаларын дамытуға мүмкіндік береді) тартылады. ТҒӨО қызметкерлері мен оқытушылары өз мамандықтары бойынша мәселелерді әзірлеу кезінде ҚР ДМ түрлі жұмыс топтарының қатысушылары болып табылады.

Оқу процесі аяқталғаннан кейін оқытушының алған практикалық білімін бағалау жүргізіледі және оқыту кезінде (оның ішінде ТҒӨО-да) дербес манипуляциялар жүргізу (пысықтау, шындау) мүмкіндігі беріледі. Сарапшылар оқытушылық қызметке шарттық талаптармен озық денсаулық сақтау мамандары тартылатынына көз жеткізді.

Күшті жақтары:

1. Ұйым тек тыңдаушыларды ғана емес, сонымен қатар мамандарды оқуға жібермес бұрын тікелей жұмыс берушілерді, емдеу-алдын алу мекемелерінің басшыларын білім беру бағдарламаларын таңдау бойынша Академиялық кеңес берумен қамтамасыз етеді.

2. Ұйым қан қызметінің жетекші мекемесі ретінде жеке клиникалық деректерге, сондай-ақ ҚР ДМ жетекші емдеу-профилактикалық мекемелерінің деректеріне негізделген үздіксіз даму бағдарламаларын іске асырады.

3. Қашықтан оқыту технологиялары енгізілді.

4. Тыңдаушылардың оқу нысаны мен кестесін таңдауы жүзеге асырылды.

ССК қорытындылары критерийлер бойынша: сәйкес келеді - 15, ішінара сәйкес келеді - 4, сәйкес емес - 0

4 стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту жөніндегі ұсынымдар:

1. Ғылыми Кеңес құрамына білім беру қызметіне байланысты мәселелерді талқылау үшін білім алушылар тарапынан өкіл енгізу.
2. Тыңдаушыларды ынталандыру және марапаттау жүйесін енгізу.

5 стандарт: ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ (ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ)

«Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кәсіпорны (бұдан әрі - ТҒӨО) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 ақпандағы № 111 қаулысына сәйкес Астана қаласының қалалық қан орталығы базасында құрылды. ТҒӨО қызметі білім беру бағыты жетекші бағыттардың бірі болып табылатын ұйымның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Институционалдық аккредиттеуді жүргізуге бастамашылық жасау осы ұйымның өз қызметін жетілдіру және үздіксіз кәсіби даму сапасын қамсыздандыруға жеттілігін мойындау дерегі болып табылады. ТҒӨО білім беру қызметінде құрылымға, персоналға, ЖОЖ-ға, материалдық-техникалық базаға және білім беру сапасын мониторингтеу процесіне қатысты қосымша білім беру ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптарын сақтай отырып, денсаулық сақтаудағы ҮҚД саласындағы негізгі НҚА-ны басшылыққа алады.

ТҒӨО білім беру бағдарламалары бөлімі 4 мамандық бойынша қосымша білім беру бойынша білім беру қызметтерін жүзеге асырады: «Трансфузиология», «Клиникалық зертханалық диагностика», «Зертханалық диагностика», «Мейірбике ісі». Өткен 5 жыл ішінде республиканың медициналық ұйымдарынан қан қызметінің 959 маманы қайта даярлау және біліктілігін арттыру циклдарында оқытылды.

Штаттық оқытушылар контингентінің жетіспеушілігі денсаулық сақтау мамандары мен медициналық жоғары оқу орындарының, ҒЗИ, клиникалардың оқытушыларын белсенді тарту есебінен кадр ресурстарына қатысты ТҒӨО жүргізіп отырған саясатымен өтеледі. Бұл ретте оқытушының біліктілігі, кәсібилігі және академиялық тәжірибесі ескеріледі.

Күшті жақтары:

1. Жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамының болуы, дәрежелілігі 50%, жоғары санатты дәрігерлер 100%.
2. Шұғыл көмек көрсету мәселелері бойынша оқытушыларды даярлау.

3. 2019 жылдың наурыз айында ТҒӨО оқытушыларын «ЖОО, ҒЗИ, ҒО медициналық білім беру және ғылым ұйымдарының оқытушысы» тақырыбы бойынша оқыту.

4. Негізінен «АМУ» АҚ, ҚДЖМ, ҚазМУБУ және т. б. елдегі медициналық оқу орындарымен ынтымақтастық.

5. www.spct.kz сайтында, әлеуметтік желілерде ТҒӨО Астана донор парақшасында ақпараттық хабар тарату (01.01.2018-31.12.2018 ж. аралығында сайтқа кірушілер саны 26132 адамды құрады).

ССК қорытындылары критерийлер бойынша: сәйкес келеді - 11, ішінара сәйкес келеді -1 сәйкес келеді, сәйкес емес – 0.

5 стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту жөніндегі ұсынымдар:

1. Қосымша кәсіптік білім беруді ұйымдастыру туралы ережені білім беру бағдарламаларын қарау және бекіту тәртібімен толықтыру, қабылдау қағидалары, шарттар жасасу тәртібі, оқытушылардың еңбегіне ақы төлеу тәртібін жекелеген тарауларға шығару, Ережеге қосымшалар түрінде білім беру процесінде пайдаланылатын құжаттар шаблондарының тізбесін толықтыру.

2. Тыңдаушыларды есепке алу және тіркеу журналын «нөмірі» және «Берілген құжаттың атауы» деген бағандармен толықтыру.

6 стандарт: БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы өзінің әкімшілік, өндірістік және оқу үй-жайларын, сондай-ақ Астана қаласындағы 7 медициналық, ғылыми және білім беру ұйымдарымен шарттар бойынша практика базаларын қамтитын тұрақты материалдық-техникалық базаға ие.

Қосымша білім беру бағдарламаларының ресурстармен қамтамасыз етілуі (тиісті кәсіби әдебиеттерге, ақпараттық технологияларға, клиникалық және практикалық дағдыларды оқытуға арналған жабдықтарға, әдістемелік қамтамасыз етуге, кадр ресурстарына және т.б.) меншік құқығында да, практика базаларымен жасалған шарттар бойынша да қолда бар ресурстармен шартталған. Ұйым қауіпсіз оқу ортасын қамсыздандыру саясатын қолдайды.

Жалпы ТҒӨО-да білім беру процесін стратегиялық дамыту, басқарудың ұйымдық құрылымы (оның ішінде білім беру бағдарламаларын іске асыруға жауапты бөлімшенің болуы) және ресурстардың болуы ТҒӨО-ға жыл сайынғы тұрақты тыңдаушылар мөлшеріне ие 4 медициналық мамандық бойынша ҮҚД бағдарламаларын іске асыруға мүмкіндік береді.

АМУ АҚ-мен бірлескен қызмет туралы қол қойылған шартқа сәйкес тыңдаушылардың кітапхананы пайдалану мүмкіндігі бар (бұл тыңдаушылар сауалнамасының нәтижелерімен расталады (77%)), сонымен қатар электрондық білім беру ресурстарына кіре алады (100%). ТҒӨО қызметкерлері электрондық ақпараттық ресурстарға – PubMed-ке кіре алады.

Тыңдаушылардан сұхбат алу кезінде оқу бөлмелері мен аудиториялардың

жағдайлары мен жабдықталуына 100% қанағаттанған, тыңдаушылардың 92%-ы оқытушылар оларды әдістемелік және дидактикалық материалдармен, сабаққа дайындалу үшін қосымша әдебиеттермен қамтамасыз ететіндігін атап өтті.

Практикалық оқыту орталықтың зертханаларында және ТҒӨО клиникалық базаларында нақты заманауи медициналық жабдықта оқытумен жүргізіледі.

Тыңдаушылар аудиторияларда жеткілікті орындармен қамтамасыз етілген, дәріс залдары мультимедиялық жабдықтармен жабдықталған және санитарлық нормаларға сәйкес келеді.

Орталықтың іске асырылып жатқан білім беру бағдарламалары туралы жалпы ақпарат орналастырылған сайты бар, Инстаграмдағы (Astanadonor) парақшасында өтеусіз донорлықты танымал ету мақсатында ақпарат орналастырылады.

ТҒӨО халықаралық, республикалық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады және оларға орталық тыңдаушыларын тартады. ТҒӨО ғылыми қызметтің субъектісі болып табылады және ҚР БҒМ аккредиттеу туралы куәлігі бар. Оқу барысында тыңдаушылар орталықта жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен танысуға мүмкіндік алады, сонымен бірге зерттеу фрагменттеріне қатысуға тартылмайды.

Қан қызметінің озық республикалық ұйымы бола отырып, орталық нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге, ҚР қан орталықтарының қызметін үйлестіруге қатысады, трансфузиология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Жоғарыда айтылғандар осы саладағы практикалық және білім беру қызметіне сараптамалық әсер етуге мүмкіндік береді.

Күшті жақтары:

1. Орталық құрылымында білім беру бағдарламалары бөлімінің болуы;
2. Заманауи жоғары технологиялық жабдықтың болуы;
3. Жетекші клиникалармен ынтымақтастық және ТҒӨО медицина кадрларының әлеуеті, қаланың 7 клиникасымен Шарттар жасалған
4. Ұйымдастыру техникасымен жабдықталған және Интернетке қол жетімді оқу кабинеттерінің болуы;
5. Трансфузиология бойынша практикалық дағдыларды пысықтау және шұғыл көмек көрсету үшін жарақтандырумен симуляциялық сынып.

ССК қорытындылары критерийлер бойынша: сәйкес келеді – 23, ішінара сәйкес келеді - 1, сәйкес емес – 0.

6 стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту жөніндегі ұсынымдар:

1. Тыңдаушылар мен симуляциялық жабдықтарды зерттеу үшін шығыс материалдар сатып алу;
2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану;
3. Тыңдаушыларды әріптестерімен қарым-қатынас жасау, ҚР қан қызметінде білім беру және өзге де іс-шараларды өткізу туралы ақпараттандыру үшін әлеуметтік желілерді пайдалануға ынталандыру;
4. Тыңдаушыларды өз тәжірибелерін басқару үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (сайт, Инстаграм, т. б.) пайдалануға

ынталандыру (жаңа СББ туралы, Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру туралы хабардар ету, қан қызметіндегі проблемалық мәселелерді талқылауға тарту және т. б.);

5. Тыңдаушыларды орталықта жүргізілетін ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен таныстыруды, сондай-ақ тыңдаушылардың ғылыми жобаларды іске асыруға қатысуын көздеу. Орталықтың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін ҮКД бағдарламаларына енгізу

7 Стандарт: ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ (ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУ) БАҒДАРЛАМАЛАРЫН БАҒАЛАУ

ТҒӨО-да білім беру процесін бағалау ресурстармен қамтамасыз етілу мониторингіне (клиникалық базалар, оқу әдебиеттері, зертханалар, жабдықтар, оқытушылар құрамы), ЖОЖ-нің Типтік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкестігін талдауға баса назар аудара отырып жүзеге асырылады.

Сыртқы сапарды жүзеге асыру кезінде сарапшылар орталықта ҮКД бағдарламаларын бағалаудың жетекші тетігі тыңдаушыларға бағдарламалардың мазмұны мен ауызша кері байланыс сапасы туралы сауалнама жүргізу болып табылатындығына көз жеткізді.

Оқыту бағдарламаларын қалыптастыру кезінде Орталықтың ОӘК құрамына өкілді қосу арқылы, сондай-ақ өткізілетін салалық конференциялар, съездер және т.б. барысында жұмыс берушілердің пікірі ескеріледі.

Орталық қызметкерлері трансфузиология қауымдастығының мүшелері болып табылады, қан қызметінің басқа мамандарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Күшті жақтары:

1. Білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға практикалық денсаулық сақтау өкілдері мен тыңдаушыларды тарту;

2. ТҒӨО оқытушылар құрамының қан қызметі мамандарымен және басқа да мүдделі тараптармен тығыз ынтымақтастығы.

ССК қорытындылары критерийлер бойынша: сәйкес келеді - 9, ішінара сәйкес келеді -2, сәйкес емес - 0

7 стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту жөніндегі ұсынымдар:

1. Оқыту бағдарламаларын жетілдіру, оларды жұмыс берушінің сұраныстарына барынша жақындату;

2. Орталықта үздіксіз кәсіби даму бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізу тетіктерін әзірлеу және енгізу. Орталықтың сапа менеджменті бөлімін осы функцияға тарту туралы сыртқы сараптама комиссиясының ұсынысын қарау;

3. Орталықта оқыған мамандарға олардың кәсіби қызметінің қорытындылары мен оқыту қажеттіліктері туралы мониторингті тұрақты негізде жүзеге асыру;

4. Тыңдаушылармен сындарлы кері байланысты қолдау, кері байланыс нәтижелері бойынша тиісті шараларды талдау және қабылдау;

5. Білім беру процесін мониторингілеу және бағалау бағдарламасына негізгі мүдделі тараптарды белсендірек тарту.

8 Стандарт: ҰЙЫМДАСТЫРУ

ТҒӨО мәлімделген миссия негізінде ҮҚД бағдарламаларын жоспарлайды – «ҚР халқына қан қызметі қызметінің сапасын жақсарту үшін қан донорлығын, медициналық технологияларды, кәсіби әлеуетті және трансфузиялық медицина саласындағы қолданбалы зерттеулерді дамыту». Бағдарламаларды жоспарлау кезінде қызметкерлер оқытудың күтілетін соңғы нәтижелерін анықтайды.

ТҒӨО қосымша кәсіптік білім беруді ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес келетін ұйымдық құрылымға ие. Жалпы басшылықты директор жүзеге асырады, білім беру процесінің барлық аспектілерін жоспарлау және бақылау директордың бірінші орынбасарының міндеті болып табылады. Сондай-ақ институт штатында 4 мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруға және тиімділігіне жауапты 4 қызметкер бар.

Қосымша білім беруді әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші орган құрамында оқытушылар, әкімшілік, жұмыс берушілердің өкілі бар Ғылыми кеңес болып табылады. ОӘК үнемі отырыс өткізіп тұрады, өз жоспары мен есептілігі бар.

«ҚР ДМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК-да білім беру қызметі туралы ережеде оқу процесінің барысына мониторинг және бақылау жүргізу процесі айқындалған.

ҮҚД бағдарламаларын басқару ашық болып табылады. Орталық үздіксіз кәсіби дамудың формальды бағдарламаларына жауапты әкімшілік бөлімшелер сапаны қамтамасыз етуге және жақсартуға ықпал ететіндігін көрсетеді.

Орталық тыңдаушыларының академиялық еркіндігі бағдарламаны таңдау құқығында, өзінің оқу мерзімінде, өзінің білім мазмұнын қалыптастыруға қатысу және өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес білім алу мүмкіндігінде көрінеді. Орталық берген куәліктер мен растамаларды ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы тыңдаушылар маман сертификатына біліктілік емтихандарын тапсырған кезде ескереді.

ТҒӨО 7 ұйыммен (Испания, Польша, Австрия, АҚШ) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Бюджетті бөлу ҒӨО-ның 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес жүргізіледі. ҮҚД бағдарламаларын іске асыруды қаржыландыру 005 «Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бағдарламасы бойынша, медициналық ұйымдармен және тыңдаушылармен жасалған шарттар бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Күшті жақтары:

ТҒӨО ҚР-дағы жетекші ғылыми-әдістемелік орталық болып табылады

Білім беру іс-шараларын үйлестіруді, мониторингілеуді және бақылауды қамтамасыз ететін құрылымның (білім беру бағдарламалары бөлімі) болуы

Білім беру іс-шараларын бюджеттік бағдарламалар, МҰ-мен шарттар есебінен тұрақты қаржыландыру.

Ғылыми ұйымдар мен медициналық жоғары оқу орындарының ғылыми және инновациялық қызмет көрсеткіштері бойынша рейтингтік бағалауында (РДРО деректері) ТҒӨО 20 ҚР ҒЗИ және ҒО арасында 10 орында тұр.

ССК қорытындылары критерийлер бойынша: сәйкес келеді – 9 , ішінара сәйкес келеді - 0, сәйкес емес - 0

8 стандарт: орындалды

Жақсарту жөніндегі ұсынымдар,

1. Оқыту әдіснамасы мен инновациялық технологиялар бойынша білім беру бағдарламалары бөлім мамандарының біліктілігін арттыру.

9 стандарт: ҮЗДІКСІЗ ЖЕТІЛДІРУ

ТҒӨО-ны дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары қызметтің барлық бағыттарын үздіксіз жақсарту жөніндегі міндеттер мен іс-шараларды көздейді, олардың орындалуын басшылық талдайды және мониторинг жүргізеді. Осылайша институт білім мен ресурстарға баса назар аудара отырып, өз қызметін жетілдіру саясатын жүргізеді.

Сарапшылар академиялық басшылық пен оқытушылардың білім сапасын қамтамасыз етуге бейілділігін анықтады, бұл сауалнама кезінде расталды.

Барлық оқытушылар орталықтағы білім беру процесін ұйымдастыруға толық немесе ішінара қанағаттанады, сауалнамаға қатысқан оқытушылардың 80%-ы еңбек пен жұмыс орнын ұйымдастыруға толықтай қанағаттанады. 90% ұжымдағы қанағаттанарлық микроклимат туралы, 90% - әріптестер, оқытушылар, басшылық арасындағы қарым-қатынаста этика мен бағынуды толық сақтау туралы айтады. Оқытушылардың 90%-ы мамандық бойынша кәсіпқойлар ретінде іске асыру мүмкіндігіне ие екендігіне сенімді, 60%-ы оқытушының мансаптық өсуі мен құзыреттілігін дамыту мүмкіндігіне ие екендігіне толық келіседі. 90% - ғылыми жұмыстармен айналысуға және ҒЗЖ нәтижелерін жариялауға мүмкіндігі бар. Осылайша орталық оқытушылардың дамуға деген ұмтылысын қолдайды.

Сонымен қатар барлық оқытушылар жалақыға қанағаттанбайды (10%), HR қызметінің жұмысына қанағаттанбайды (20%). Оқытушылардың 10%-ы кәсіби біліктілікті арттыру курстарында (бағдарламаларында) 5 жыл бұрын оқыған және 10%-ы біліктілікті арттырудан қашан өткенін есіне түсіре алған жоқ. Жоғарыда айтылғандар ТҒӨО үшін шешім жолдарын талдауға және іздеуге арналған мән болып табылады.

ТҒӨО қызметкерлерінің үздіксіз жетілдіруге деген ұмтылысының ұқсас көрінісі тыңдаушылардың сауалнамасы кезінде анықталды, олардың басым көпшілігі (90%) оқытушылар мен бағдарлама жетекшілері тыңдаушылардың оқумен байланысты проблемалары туралы білетіндігін атап өтті. 90%-дан астамы клиникалық оқытуды ұйымдастыруға, оқыту әдістеріне қанағаттанған, сабақ аяқталғаннан кейін кері байланысты сақтау туралы айтады.

Сұхбаттағы аталған тармақтар орталықтағы сенім мен өзара іс-қимыл туралы айтады, сондай-ақ уақытпен қатар жүретін және медицина саласындағы

өзекті ақпарат пен білімге ие оқытушылардың кәсіби шеберлігі туралы куәландырады.

Сарапшылар осы стандарттың орындалуына сенімді дәлелдер алды.

Күшті жақтары:

1. ТҒӨО құрылымының өзгеруіне, білім беру саласында ҚР жаңа нормативтік-құқықтық актілерінің шығуына байланысты құжатталған сәйкессіздіктерді уақтылы жою;

2. ТҒӨО ҚР ДМ-мен бірлесіп, ҚР ДМ 18 бұйрығын әзірледі және қабылдады, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіне донорлық және қан қызметі жөнінде өзгерістер енгізілді;

3. Қан қызметіндегі инновацияларды, кадрларды даярлау қажеттілігін ескере отырып, жыл сайын жұмыс бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау және жаңарту.

ССК қорытындылары критерийлер бойынша: сәйкес келеді - 5, ішінара сәйкес келеді - 0, сәйкес емес - 0

9 Стандарт: орындалды

Жақсарту жөніндегі ұсынымдар.

Сыртқы сапар барысында анықталған қосымша ұсыныстар жоқ

6. «Трансфизиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК қызметін қосымша білім беру (үздіксіз кәсіби даму) ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар:

1. ТҒӨО Миссиясының тұжырымдамасы білім беру үдерісі саласындағы негізгі мақсатпен толықтыру.

2. ТҒӨО Ғылыми кеңесінің құрамына білім беру қызметіне байланысты мәселелерді талқылау үшін клиникалық пәндер бойынша негізгі оқытушылар мен білім алушыларды енгізу.

3. Оқытудың белсенді әдістерін кеңірек қолдану (Team-based learning, Clinical based learning).

4. Денсаулық сақтау саласындағы медициналық жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтармен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігін қарастыру.

5. ТҒӨО тыңдаушылары мен оқытушыларына халықаралық медициналық деректер базасына қолжетімділік беру туралы медициналық ЖОО-мен шарт жасасу.

6. Ғылыми үдерістің дамуын және ТҒӨО жетістіктерін насихаттауды ынталандыру:

А) жас оқытушылар мен тыңдаушыларды ТҒӨО-да іске асырылатын ғылыми жобаларға және ҚР университеттерінде және шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында магистратура мен докторантурада оқуға тарту.

Б) ТҒӨО ғылыми қызметі мен білім беру процесінің жетістіктері мен нәтижелерін дәріптеу мақсатында әлеуметтік желілерде ТҒӨО ұсынуды кеңейту.

7. Тыңдаушыларды бағалау саясатын әзірлеу кезінде «Антиплагиат» жүйесін (СӨЖ, жобалар) қосу және ОҚКЕ-ні қорытынды бағалау кезеңі ретінде пайдалану мүмкіндігін қарастыру, сондай-ақ тыңдаушылардың өзін-өзі бағалау рәсімін қарастыру.

8. Тыңдаушыларды ынталандыру және марапаттау жүйесін енгізу.

9. Қосымша білім беру бойынша бірқатар құжаттардың құрылымы мен мазмұнын жетілдіру:

А) Жұмыс бағдарламалары мен силлабустарда тыңдаушылардың өзіндік жұмысын бағалаудың нысандарын, критерийлерін неғұрлым нақты белгілеу, ал СӨЖ нысандары ретінде біліктілікті арттыру циклі шеңберінде ғылыми жобаны орындауға қатысуды көздеу.

Б) «Қосымша кәсіптік білім беруді ұйымдастыру туралы ережені» білім беру бағдарламаларын қарау және бекіту тәртібімен толықтыру, жекелеген тарауларға қабылдау қағидаларын, шарттар жасасу тәртібін, оқытушылардың еңбегіне ақы төлеу тәртібін шығару, білім беру процесінде пайдаланылатын құжаттар шаблондарының тізбесін Ережеге қосымшалар түрінде толықтыру.

В) Тыңдаушыларды есепке алу және тіркеу журналын «нөмірі» және «берілген құжаттың атауы» деген бағандармен толықтыру.

Г) Қосымша жұмыс істейтін оқытушылармен жасалған Еңбек шарттарын (5 маман), сондай-ақ клиникалық базалармен және практика базаларымен жасалған шарттарды жаңарту.

12. Тыңдаушылардың тамақтануы мен демалуы үшін жағдай жасау мүмкіндігін қарастыру.

13. Ішкі аудит жүйесі білім беру бағдарламаларына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді, тыңдаушыларды қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамына тысқары білім және ғылым, денсаулық сақтау ұйымдарының өкілдерін қосады, тыңдаушыларды оқытуға жіберетін жұмыс берушілерден кері байланыс алу жүйесін көздейді.

Осылайша, аккредиттеудің барлық 9 стандарты орындалды, өзін-өзі бағалау есебін талдау және аккредиттелетін ұйымға сыртқы сапарды жүргізу процесінде аккредиттеудің базалық стандарттарының әрқайсысының критерийлерін орындаудың сәйкестігі табылған жоқ.

7. АЕО Аккредитациялау кеңесіне ұсынымдар

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК қызметінің барлық бағыттарының АЕО әзірлеген Қосымша білім беру (үздіксіз кәсіптік даму) ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін сараптамалық бағалау қорытындылары бойынша АЕО мүшелері бірауыздан АЕО Аккредиттеу кеңесіне **«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК 5 жыл** кезеңіне аккредиттеу ұсынылсын деген пікірге келді.


Сыртқы сараптамалық комиссия Төрағасы	Тургунов Ермек Мейрамович
Шетелдік сарапшы	Моисеева Татьяна Васильевна
Ұлттық академиялық сарапшы	Смаилова Алтынай Нагызхановна
Жұмыс берушілердің сарапшы өкілі	Молдабеков Куаныш Жаксылыкович
Денсаулық сақтау мамандарының (тыңдаушылар) сарапшы өкілі	Нуртазина Гультара Карабулатовна
АЕО бақылаушысы	Умарова Макпал Альдибековна

7. Рекомендация Аккредитационному совету ЕЦА

По итогам экспертной оценки соответствия всех направлений деятельности РГП на ПХВ «Научно-Производственный Центр Трансфузиологии» Министерства Здравоохранения Республики Казахстан Стандартам институциональной аккредитации организаций дополнительного образования (непрерывное профессиональное развитие), разработанным ЕЦА, члены ВЭК пришли к единогласному мнению рекомендовать Аккредитационному совету ЕЦА аккредитовать РГП на ПХВ «Научно-Производственный Центр Трансфузиологии» Министерства Здравоохранения Республики Казахстан на период 5 лет.

Председатель Внешней
экспертной комиссии

Тургунов Ермек
Мейрамович



Зарубежный эксперт

Моисеева Татьяна
Васильевна



Национальный
академический эксперт

Смаилова Алтынай
Нагызхановна



Эксперт – представитель
работодателей

Молдабеков Куаныш
Жаксылыкович



Эксперт – представитель
специалистов
здравоохранения
(слушателей)

Нуртазина Гульнара
Карабулатовна



Наблюдатель от ЕЦА

Умарова Макпал
Альдибековна



**ҚР ДМ «Трансфизиология Ғылыми-Өндірістік Орталығы» ШЖҚ РМК
қосымша білім беру ұйымының (үздіксіз кәсіби даму) институционалдық
аккредитациялау стандарттарына сәйкестігіне сапа бейіні және сыртқы
бағалау критерийлері**

	Бағалау критерийлері	Баға		
		Сәйкес келеді	Ішінара сәйкес келеді	Сәйкес емес
1.	Миссия және соңғы нәтижелер	13	0	0
2.	Білім беру ағдарламалары	18	1	0
3.	ҮКД құзыреттері мен құжаттамасын бағалау	6	1	0
4.	Денсаулық сақтау мамандары (жеке кәсіби даму)	15	4	0
5.	Қосымша білім беруді қамсыздандыру(үздіксіз кәсіби даму)	11	1	0
6.	Білім беру ресурстары	23	1	0
7.	Қосымша білім беру бағдарламаларын бағалау (үздіксіз кәсіби даму)	9	2	0
8.	Ұйым	9	0	0
9.	Үздіксіз жақсарту	5	0	0
	Жиыны:	109	10	0